# ЖЕТІСУ шұғыласы



№ 34 (9068), жұма, 15 тамыз 2025 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.


## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

***Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен жасанды интеллектіні дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті.***

Кеңеске Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты.

Президент қазір дүние жүзінде жасанды интеллектінің қарқынды дамуына байланысты сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатқанын атап өтті.

– Бұл технология әлемдегі барлық елдің дамуына тікелей әсер етуде. Қазір онсыз жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес. Озық технологиялар ұлт дербестігінің кепіліне, экономикалық өсімнің қозғаушы күшіне айналуда. Біз жасанды интеллект саласында бірқатар жетістікке қол жеткіздік, бірақ босаңсуға болмайды. Осы стратегиялық бағытта табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл жұмысқа мен ең маңызды басымдықтың бірі ретінде қараймын. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының (UNCTAD) болжамы бойынша 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының ауқымы 4,8 триллион долларға жетуі мүмкін. Ал оның ғаламдық технологиялық индустриядағы үлесі 7 пайыздан 29 пайызға дейін артады. Бұл, әрине, теңдесі жоқ өсім болмақ. Жасанды интеллект дамудың жаңа мүмкіндіктеріне кеңінен жол ашады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазір бұл саладағы бәсеке күшейді.

– Биыл шілде айында АҚШ Президенті Дональд Трамптың Әкімшілігі «America's AI Action Plan» стратегиясын жариялады. Онда жасанды интеллект АҚШ-тың технология, экономика және қорғаныс салаларында көшбасшы ел болып тұруына қажетті аса маңызды құрал ретінде қаралған. Мамандарымыз осы және басқа да құжаттарды мұқият зерделеп, нақты қорытынды жасауы керек. Ал Қытай Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жаһандық ұйым құру туралы бастама көтерді. Мақсат – жасанды интеллектіні басқаруға арналған көпжақты тәсілдерді ілгерілету, сондай-ақ цифрлық алшақтықты жою, жасанды интеллектіні тұрақты қолдану және оны пайдалану этикасын қалыптастыру. Қытайдың мұндай ұйым құру туралы ұсынысын қолдау керек деп ойлаймын. Дайындық іс-шараларына атсалысу қажет. Бұл – еліміздің мүддесі. Қазақстанның негізгі мақсаты – Еуразиядағы цифрлық хабқа айналу. Ол үшін нақты іске көшу керек. Әр мәселеге жүйелі түрде қарап, батыл шешімдер қабылдап, оның орындалуын қатаң бақылауға алу қажет. Мен бұған дейін бірыңғай ұлттық цифрлық экожүйе құру ісін тездету туралы айттым. Қажетті инфрақұрылымды дайындап, заңнамалық негіз бен мәліметтерді жинау жүйесін әзірлеп, жасанды интеллектіні енгізу жұмысын бастауды тапсырдым. Бірақ бұл тапсырмалардың орындалу барысы мәз емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект барлық саланың қозғаушы күші болуға тиіс деп санайды. Оның пікірінше, ЖИ – еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі.

– Алдағы бес жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керек. Бұл – айқын әрі өзгермейтін мақсат. Себебі, біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын ел болуымыз қажет. Осы биік мақсатқа жету үшін стратегиялық бағдарымызды айқындап алған жөн. Әрбір қадамды мұқият ойластырып, алдын ала шұғыл шаралар қабылдауымыз керек. Қазір мемлекеттің цифрлық саясатқа қатысты ұстанымдарын қайта қарайтын кез келді. Жаһандық технологиялық бәсеке күшейіп, жасанды интеллектінің дамуы қарқын алған кезеңде бізге жан-жақты әрі жүйелі әрекет етуге мүмкіндік беретін кешенді бағдарлама керек. Үкімет Стратегиялық жоспарлау агенттігімен бірлесіп, жасанды интеллектіні дамыту және еліміздің цифрлық трансформациясы туралы жүйелі құжат әзірлеуге тиіс. Бұл іске халықаралық компаниялар мен беделді сарапшыларды тарту қажет. Құжат прагматикалық тұрғыдан барынша жетік, айқын әрі алдағы жұмысымыздың бағыт-бағдары ретінде қызмет етуге тиіс. Онда жасанды интеллектіні дамыту және қолданудың барлық аспектісіне қатысты кешенді шаралар қамтылуы қажет. Ол экономика мен мемлекеттік секторға аталған технологияны енгізу тұрғысынан нақты әрі түсінікті болуға тиіс. Құжаттың міндеті – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға және жаңа индустрияларды құруға ықпал ету. Сонымен қатар жаппай оқыту бағдарламалары мен кадрларға сұранысты болжау арқылы еңбек нарығындағы трансформацияны басқаруға назар аударған жөн, – деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің цифрлық саясатына арқау болатын тоғыз басым бағытқа жеке-жеке тоқталды.

– Бірінші. Жасанды интеллектіні экономиканың нақты секторына енгізуді қолға алу қажет. Бұл – күрделі, бірақ өмірлік маңызы бар міндет. Өйткені экономиканы түбегейлі жаңғыртуға, еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Ол үшін, ең алдымен, ірі кәсіпорындармен ықпалдастықты жолға қойған жөн. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірге жыл соңына дейін жасанды интеллектіні өндірістік үдерістерге енгізіп, экономикалық тиімділігін көрсететін нақты үлгілер ұсынуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекетті басқару саласын одан әрі цифрландыру ісін екінші басымдық ретінде атады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жасанды интеллект мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттырады. Бұл – анық нәрсе.

– Қазір ChatGPT қағидатымен жұмыс істейтін кейбір жобалар енгізіліп жатыр. Бұл тәсілдер азаматтардың өтініштеріне жауап беруге септігін тигізуде. Дегенмен мұны алдағы үлкен жұмыстың алғашқы қадамы ғана деуге болады. Озық технологияның әлеуеті бұдан әлдеқайда жоғары. Жасанды интеллект мемлекеттік аппараттың жұмысын мейлінше жеңілдетуі керек. Бұл – өте маңызды міндет. Қазақстанда қызметтердің басым бөлігі әлі де «цифрлық фиксация» күйінде. Яғни құжаттар электронды түрде беріледі, өңделеді, бірақ рәсімдеудің өзі мемлекеттік қызметшінің араласуын талап етеді. Шын мәнінде, бұл – қағаз жүзіндегі бюрократияны цифрлық форматқа көшіру ғана. Бұдан тиімділік еш артқан жоқ. Біз жасанды интеллектіні қолданып, қандай қызметтерді толық өзгертуге болатынын нақты айқындап алуымыз керек. Ал одан босаған ресурстарды басқа да күрделі әрі пайдалы жұмыстарға жұмсауға болады. Сондықтан Үкімет үш айдың ішінде мемлекеттік қызмет көрсету саласына жасанды интеллектіні енгізу бойынша нақты шаралар әзірлеуі керек. Әсіресе, өтініштерді қарау және шешім қабылдау жұмысында кеңінен пайдаланған жөн. Бізге тұтас мемлекеттік басқару жүйесінде қолдануға болатын нақты тетіктер өте қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласында жасанды интеллект технологиясын пайдаланудың маңызына назар аударды. Оның айтуынша, медицина саласында ауқымды ақпарат жинақталған. Жасанды интеллект көмегімен олардың негізінде дұрыс диагноз қоюға, ем-шара тағайындауға және науқастарға мониторинг жүргізуге арналған құралдар дайындауға болады.

– Әлемде дәрігерлерді күнделікті бірсарынды жұмыстан босатып, олардың маңызды клиникалық шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін технологиялар белсенді қолданылады. Қазақстанда да перспективті медициналық стартаптар бар. Алайда бюрократия олардың әлеуетін шектеп отыр. Бір жағынан еліміздегі медициналық ақпарат жүйелерінде біртұтас алгоритм жоқ, әрқайсысы дербес дамып жатыр. Бұл жасанды интеллектінің медицина саласына енгізілуін тежейді. Денсаулық сақтау саласын цифрландыру ісіндегі жүйесіздік түрлі заңбұзушылықтарға жол беруде. Мысалы, былтыр әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аудит жүргізілді. Сол кезде қомақты қаражаттың шығын болғаны анықталды. Цифрлық тәсілдер медицина саласының ашық және тиімді қызмет етуіне ықпал етеді,– деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект саласын реттеу тетіктерін жетілдіруді тағы бір маңызды міндет ретінде айқындады. Оның айтуынша, бүкіл әлемде жасанды интеллектіні пайдаланудың құқықтық негізі белсенді қалыптасып жатыр.

– Еуропа Одағы, АҚШ, Қытай және Канада қауіп-қатерлер мен ықтимал мүмкіндіктерді ескере отырып, саланы реттеудің төл моделін жасақтауға кірісті. Қазақстан да өзінің нормативтік базасын қалыптастыруға тиіс. Осы орайда, озық халықаралық тәжірибеге сүйенген жөн. Ұлттық басымдықтар басты назарда болуға тиіс. Жалпы, жасанды интеллект туралы тиісті заңды қабылдау – шұғыл міндет. Оны орындауға Үкімет баса мән беруі керек. Құжатта инновация, жауапкершілік, қауіпсіздік мәселелері тең дәрежеде ескерілуі керек.

Сондай-ақ азаматтардың құқығын, кәсіпкерлердің мүддесін қорғау ісіне мән берілуі қажет. Заң жасанды интеллектіні дамытуға бөгет болмауға тиіс. Ереженің бәрі айқын әрі түсінікті болғаны жөн. Яғни инвестиция тартуға және технологияларды енгізуге барынша қолайлы заң әзірлеу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық инфрақұрылымды дамытудың маңызына назар аударып, Үкімет мүшелеріне ABCDE моделі (AI, Big data, Cloud, Data Centers, Education) негізінде ұлттық цифрлық ландшафт құрылымын қайта қарау туралы тапсырма берілгенін еске салды.

– Біз жақында Орталық Азиядағы ең ірі суперкомпьютер кластерін іске қостық. Енді оны іс жүзінде кәдеге жаратуымыз қажет. Бірақ мәз болып, босаңсуға болмайды. Тиісті жұмыс әлі алда.

Есептеу ресурстары баршаға бірдей қолжетімді болуы керек. Суперкомпьютердің мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет. Осыған орай Үкіметке суперкомпьютердің қуатын әділ бөлу ережесін әзірлеуді тапсырамын. Келешегі зор стартаптар мен ұлттық маңызы бар жобаларға басымдық беру керек. Сонымен қатар шашыраңқы мемлекеттік ақпарат жүйелерін ретке келтіру жұмыстарын күшейту қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүкіл мемлекеттік және квазимемлекеттік цифрлық экожүйені біртұтас платформаға көшіруді тапсырды.

– Мұндай тәсіл түпкілікті интеграцияны, архитектуралық үйлесімділікті қамтамасыз етіп, артық шығынды болдырмайды және толыққанды деректер массивін қалыптастырады. Биыл шілде айында QazTech ұлттық цифрлық платформасы өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Ол бүкіл цифрлық әзірленім процестерін орталықтандырып, оларды енгізу уақытын қысқартады. Платформаны жаппай қолданысқа енгізу мақсатында 2026 жылдың қаңтарынан бастап QazTech-тен тыс жаңа ақпараттық жүйелерді құруға мораторий енгізіледі. Әрбір жағдай бойынша шешімді Цифрландыру жөніндегі комиссия қабылдауға тиіс. Үкімет 2026 жылы бірінші тоқсанның соңына дейін QazTech платформасының толық ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету процедурасын аяқтауы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы деректерді басқару тиімділігін арттыру, сондай-ақ киберқауіпсіздікті күшейту мәселесін көтерді.

– Жасанды интеллектінің дамуымен қауіп-қатердің мүлдем жаңа түрлері пайда болды. Үйреншікті әрекет ету механизмдері оған бейімделіп үлгермей жатыр. Нейрожелілер көмегімен адамның биометриялық көшірмесі жасалатынын, дауысын, бет әлпетін, тіпті мінез-құлқын айнытпай салуға болатынын бәріміз көріп отырмыз. Бұл азаматтардың жеке мәліметі мен банк есепшоттарына қол жеткізуге, қоғамдық пікірді бұрмалайтын жалған бейнероликтер жасауға мүмкіндік береді, – деді Президент.

Одан әрі Мемлекет басшысы ақпараттық жүйелердің осал тұстарына тоқталды.

– Жыл басынан бері деректердің қолды болуына байланысты 40-тан астам факті тіркелді. Ең ірі оқиға маусым айында болды. Мұндай инциденттердің басым бөлігі жеке секторда орын алады. Бірақ мемлекет еліміздегі цифрлық қауіпсіздіктің жалпы деңгейіне толық жауап беруге міндетті.

Киберқауіпсіздік саласындағы бүгінгі ахуал құзыреттердің дұрыс бөлінбеуі және шашыраңқылығы салдарынан күрделеніп отыр. Бір жағынан ақпараттық қауіпсіздікке Цифрлық даму министрлігі құрамындағы Ақпараттық қауіпсіздік комитеті мониторинг жүргізеді. Екінші жағынан қауіпсіздік талаптары бойынша техникалық сынақтар жүргізу және сертификаттау Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағынышты Мемлекеттік техникалық қызмет құзырында. Бірыңғай басқару вертикалінің болмауы және функциялардың қайталануы мемлекеттік органдардың киберқауіпке қарсы баяу әрекет етуіне себеп болады. Бұл жағдайды тез арада түзеу керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қорғалған коммуникацияны қамтамасыз етуді тағы бір маңызды міндет ретінде атады.

– Қазіргі кезде іскерлік және қызмет бабындағы байланыстың, соның ішінде азаматтардың жеке деректерін беру үдерісінің басым бөлігі халықаралық мессенджерлер арқылы жүзеге асады. Бұл платформаларда жеке сәйкестендіру нөмірін, азаматтардың денсаулығы туралы мәліметті және басқа да деректерді жиі сұрайды. Мұндай тәжірибе жеке мәліметтерді қорғау туралы заңнамаға қайшы және ұлттық юрисдикциядан тысқары жерге деректердің тарап кетуіне әкеліп соғады. Қазақстанда отандық Aitu мессенджері әзірленді. Ол тиісті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ете алады. Үкімет жеке деректерді қолданатын барлық коммуникацияны қорғалған ұлттық мессенджерге көшіру мәселесін пысықтауы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өскелең ұрпақтың жасанды интеллектіні дұрыс қолдана білуі маңызды екенін ескертті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мұны елімізде жүргізіліп жатқан цифрлық бетбұрыстың негізгі шарты десек болады.

– Біз қазірдің өзінде «AI-Sana» оқыту бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Жобаның мақсаты – студенттердің жасанды интеллект саласындағы дағдысын жетілдіру. Бұл бағдарламаның ауқымын барынша кеңейте түскен абзал. Ұстаздар мен оқушылардың жасанды интеллект саласындағы білімін жетілдіру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бұл – тиісті министрліктің алдында тұрған маңызды міндет, – деді Президент.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы инвестиция мен дарын иелеріне қолайлы жағдай жасаудың маңызына тоқталды.

– Өткен жылы жасанды интеллект саласындағы стартаптарға дүние жүзі бойынша 100 миллиард долларға жуық инвестиция салынды. Бұл – әлемдегі венчурлық қаражаттың үштен бір бөлігінен асып түседі. 2023 жылмен салыстырғанда ЖИ жобаларын қаржыландыру шамамен 80 пайызға артты. Осылайша жасанды интеллект саласындағы таланттар мен идеяларға бәсеке күрт өсті. Бүгінде негізгі инвестиция ағынын АҚШ, Еуропа Одағы елдері және Қытай қамтамасыз етіп отыр. Бірақ бұл қаржы қалыптасқан экожүйе бар жерге бағытталады. Яғни инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз етуге, қолдауға, нарықты реттеуге және дамытуға жұмсалады. Ақша жағдай жасалған жерге келеді. Бір ай бұрын мен ЖИ саласындағы бірқатар қазақстандық стартаппен таныстым. Олардың кейбірі әлемдік деңгейге шыға алады. Дарынды жастарымыздың бар екені қуантады. Олардың біразы шетелде жұмыс істесе де, отаншылдық сезімін жоғалтпаған. Мемлекет мұндай талант иелерін қолдауға міндетті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкіметке отандық стартаптардың экспортқа шығуына қолдау көрсету үшін кешенді шаралар әзірлеу, сондай-ақ «цифрлық елшілер» институтын қайта қарау міндетін жүктеді.

– Біздің міндетіміз – қарым-қабілеті жоғары жастарға қолайлы инновациялық экожүйе қалыптастыру. Жалпы айтқанда, оларға барлық жағдайды жасау, қол ұшын беру. Сондай-ақ тың бастамаларды жедел жүзеге асыруға ықпал ететін құрылымдар мен зерттеу орталықтарын ашу керек. Цифрлық технология саласындағы халықаралық байланыстарды нығайта түскен жөн. Сонда ғана Қазақстан Еуразияның цифрлық хабы ретінде танылмақ. Жасанды интеллектіні дамыту – еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша міндет. Бұл міндет Қазақстанның болашағымен тікелей байланысты. Еліміз міндетті түрде озық, дамыған болуы қажет. Сондықтан бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады. Бүгінгі жиында бірқатар маңызды міндеттерді айқындадық. Барлық мемлекеттік органдар мен мекемелер бірлесіп жұмыс істеуі керек. Бұл жұмысқа жеке сектор өкілдерін де қосу керек. Себебі, бұл – жалпыұлттық мақсат. Цифрлық даму министрлігі басты үйлестіруші орган ретінде өзара байланысты қамтамасыз етуге тиіс. Уақыт өте тығыз, тоқмейілсіп отыруға болмайды. Жасанды интеллектіге қатысты негізгі шешімдер мен ұсыныстарды екі айдың ішінде дайындап, маған көрсету қажет, – деп қорытындылады сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кеңес барысында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов баяндама жасады. Сонымен қатар талқылауға

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-министрдің орынбасарлары Ермек Көшербаев пен Қанат Бозымбаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай қатысты.

**akorda.kz**

e-mail: eskeldi_eli@mail.ru
www.eskeldi-eli.kz

«ЖЕТІСУ ШҰҒЫЛАСЫ»
№ 34 (9068), жұма, 15 тамыз 2025 жыл

# ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПӘН ОЛИМПИАДАЛАРЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ



*Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздарымен және жүлдегерлерімен кездесті.*

*Іс-шараға 24 лауреат, атап айтқанда, 4 алтын, 11 күміс және 9 қола медаль иегері шақырылды. Оқушылар химия, математика, физика, география, информатика және биология пәндерінен үздік нәтиже көрсеткен.*

*Президент жастарды, ең алдымен, білім әлеміндегі жеңістерімен құттықтап, шынайы ризашылығын білдірді. Олардың халықаралық беделді білім сайыстарында топ жарып, Қазақстанның атын әлемге паш етуін зор жетістік ретінде бағалады.*

*– Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығу, әлемдік жарыста жеңіске жету оңай емес. Білімге деген ұмтылыстың, нағыз еңбекқорлық пен табанды іс-әрекеттің арқасында осындай биікке шығып жатсыздар. Расында, дарынға ие болу, бұл – бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді, – деді Мемлекет басшысы.*

*Президент шәкірт қабілетін ұштаған ұлағатты ұстаздар мемлекеттік марапатқа лайық екенін жеткізіп, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарға алғыс айтты. Қазақстанның болашағы – жасампаз жастардың қолында екеніне назар аударып, ұл-қыздарымыз әрдайым үздіктер қатарынан табылатынын атап өтті.*

*– Жастарымыз жаһандық спорт және өнер додаларында жеңімпаз атанып, туымызды көкте желбіретіп жүр. Білім саласындағы беделіміз де артып келе жатыр. Былтырдан бері оқушыларымыз 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Оның 200-ге жуығы – алтын, 300-ден астамы – күміс, ал 500-ге жуығы – қола медаль. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Тағы да қайталап айтамын, біз әлемдік жарыста ел намысын қорғаған әр жеңімпазды мақтан тұтамыз. Сіздерді еліміздің бетке ұстар, лайықты азаматтары деп санаймын. Болашақта да Қазақстанның одан әрі дамуына қомақты үлес қосатындарыңызға кәміл сенемін, – деді Президент.*

*Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға барынша жағдай жасау мемлекеттің басты міндетінің бірі екеніне тоқталды. Бұл бағытта ауқымды іс атқарылып жатыр. Бірақ негізгі жұмыс әлі алда.*

*– Қазіргі таңда еліміздің әр аймағында заманауи үлгідегі «Келешек мектептері» ашылуда. Мұғалім мәртебесін көтеруге баса мән беріліп жатыр. Ғылым жолына түскен жастарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Бұл ретте «Болашақ» халықаралық стипендиясы тиімді рөл атқаруда. Жоба аясында мыңдаған жас азамат әлемнің озық университеттері мен зерттеу орталықтарында білім алды. Бүгінде олардың көбі елімізді өркендетуге мол үлес қосуда. Алдымызда тұрған міндет – осы стипендияға нағыз қабілетті, дарынды балаларды іріктеу. Кездейсоқ адамдарды қосуға болмайды. Сондықтан келесі жылдан бастап халықаралық олимпиада жеңімпаздарын «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға жіберу туралы шешім қабылданды. Осылайша, біз дарынды әрі талапты жастарға жан-жақты қолдау көрсете береміз, – деді Мемлекет басшысы.*

*Президенттің пікірінше, халықаралық беделді олимпиадалардағы жастардың жетістіктері ұлтымыздың зияткерлік қуаты мен өскелең ұрпақтың зор әлеуетін танытады.*

*– Елімізге ғалымдар, инженерлер, педагогтар, дәрігерлер мен басқа да жоғары білікті мамандар қажет. Әсіресе, жасанды интеллект саласындағы мамандар айрықша сұранысқа ие болады. Инновация мен жоғары технологиялар негізінде еліміздің алдағы даму кезеңдерінің берік іргетасын қалап жатырмыз. «Росатом» компаниясымен бірге салынатын алғашқы атом электр стансасы стратегиялық маңызға ие. Бірер күн бұрын оның құрылысы ресми түрде басталды. АЭС энергетика нысаны ғана емес, ғылыми-техникалық прогрестің жарқын символы болуға тиіс. Әзірге оның атауы жоқ. Бұл еліміздегі тұңғыш станса болғандықтан, халық арасында үздік атау жөнінде байқау жариялауға болады деп санаймын. Осы сайысқа қатысып, шығармашылық қарымдарыңызды көрсетуге шақырамын. Бәлкім, шешім қабылдаған кезде Сіздердің де ұсыныстарыңызға сүйенерміз, – деді Президент.*

*Мемлекет басшысы жастарға ғибратты сөзін арнады.*

*– Біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Таза әрі Қауіпсіз Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл – жай саяси науқан емес. Бұл – мемлекеттілігімізді нығайту деген сөз. Осы ауқымды жұмысты жастарымыз үшін бастадық. Енді оны міндетті түрде орындауымыз қажет. Оның бар игілігін, ең алдымен, өскелең ұрпақ, яғни, Сіздер көресіздер! Мен еліміздің жастарына зор сенім артамын. Қазақстан жастары көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, дарынды, еңбекқор азаматтар деп үнемі айтып жүремін. Ұл-қыздарымыз әрқашан адал азамат деген атқа сай болсын деп тілеймін. Ең алдымен Отанға, елімізге адал болыңыздар. Сіздер халқымызды жер жүзіне зияткер ұлт ретінде танытып жүрсіздер. Әрдайым ізденіс пен еңбек жолында болыңыздар. Өскелең ұрпақ Сіздерге – талантты жастарға қарап бой түзейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.*

*Мемлекет басшысы халықаралық жарыстарда топ жарып, алтын, күміс және қола медаль иеленген жастарға 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қаржылай сыйақы сертификаттарын салтанатты түрде табыстады.*

**akorda.kz**

# ҚОРҒАС ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛАДЫ



*Жетісу облысына жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Қытайдың жетекші корпорациялары – «China Minmetals Corporation» және «CITIC Construction Co. Ltd» басшылығымен екіжақты кездесулер өткізді. Негізгі назар логистика, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу сияқты негізгі секторлардағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға аударылды.*

*«China Minmetals Corporation» басшылығымен Азия мен Еуропа арасындағы құрлықаралық бағыттағы жаңа стратегиялық торапқа айналуға тиіс Қорғас маңында логистикалық хаб салу мәселелері талқыланды.*

*«CITIC Construction Co. Ltd.» өкілдерімен кездесуде компанияның Қазақстандағы инвестициялық қызметін кеңейту жоспарлары қаралды. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі шекара маңында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін индустриялық парк құру болды. Бұл өңірдің экспортқа бағдарланған экономикасы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.*

*Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қытаймен шекара маңындағы дамудағы өзара іс-қимыл елдің сыртқы экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға, Жетісу облысының инвестициялық тартымдылығын арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етіп, түптеп келгенде өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.*

**Дерекккөз: ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты**
**Қорғас жаңа инвестициялық жобалардың орталығына айналады**

# ЖЕТІСУДА «КӨШБАСШЫ» ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНА БИЫЛ АЛҒАШ РЕТ «ҮЗДІК ЖАС ЖҰМЫСШЫ МАМАН» НОМИНАЦИЯСЫ ҚОСЫЛДЫ



*Халықаралық жастар күніне арналған «JetFlow» онкүндігі аясында Жетісу облысы әкімінің «Көшбасшы – 2025» жастар сыйлығын тапсыру салтанаты өтті. Биыл сыйлық 12 номинация бойынша берілді. Олардың ішінде алғаш рет «Үздік жас жұмысшы маман» номинациясы тағайындалды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.*

*Жеңімпаздарды облыс әкімі атынан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов құттықтады.*

*- Бүгінгі таңда Жетісу облысында 14 пен 35 жас аралығында 200 мыңға жуық жас бар. Солардың арасынан өз саласында жетістікке жетіп, елдің дамуына үлес қосып жүрген үздіктерді «Көшбасшы» жастар сыйлығымен марапаттау – жыл сайынғы игі дәстүр. Осы сыйлықтың бір ерекшелігі – Жұмысшы мамандықтар жылы аясында биыл «Үздік жас жұмысшы маман»*

*жаңа номинациясы енгізіліп отыр. Бұл – еңбек адамына деген құрмет, жұмысшы жастардың қоғамдағы маңызын айқындайтын игі бастама, - деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары.*

*Биылғы жастар сыйлығында өңірдегі 500 келінді қамтыған «Жетісудың үздік келіні» жобасының авторы Арайлым Әлімжанова «Үздік жас қоғам белсендісі», талдықорғандық кондитер Жазиля Темірбекова «Үздік жас кәсіпкер», облыстық «Жетісу» газетінің саясат және құқық бөлімінің меңгерушісі Айдар Қалиев «Үздік жас журналист», ауыр атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, екі дүркін Азия чемпионы Әлихан Әскербай «Үздік жас спортшы» атанды. «Х-фактор» жобасының финалисі, бірқатар халықаралық және республикалық конкурстардың жеңімпазы, облыстық Д. Рақышев атындағы филармонияның әншісі Ақбота Сабыржанова «Мәдениет саласының үздік жас көшбасшысы», Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасының лор дәрігері Темірлан Қылышбеков «Медицина саласының үздік жас көшбасшысы», Ақсу ауданындағы «Абубек» ШҚ басшысы, көп балалы әке Елдос Әбубеков «Ауыл шаруашылығы саласының үздік жас көшбасшысы» деп танылды. Жалпы облыстың қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосып жүрген жастар 12 номинация бойынша марапатталды. Әр жеңімпазға марапат ретінде арнайы статуэткалар, дипломдар мен сертификаттар табысталды.*

*Биылғы «Үздік жас жұмысшы маман» номинациясының жеңімпазы, «АқсуҚант» зауытының орталық зертханасының меңгерушісі Аруна Кенжеханова өз әсерімен бөлісті.*

*- Қант зауытында 4 жылдан бері жұмыс істеймін. Мамандығы технолог, Алматыда оқыдым. Маған өзімнің жұмысым ұнайды, кәсіпорнымыздың дамуына барынша өз үлесімді қосуға тырысамын. Бұл саланың маңызы зор, өйткені қызылша өсіру, қант өндіру салалары – біздің өңіріміздің экономикасының басым бағыттарының бірі. Кез келген кәсіпте әркім өз ісін жақсы көріп, өз еліне пайда әкелуге ұмтылса, табысқа жете алады, - дейді А.Кенжеханова.*

*Көксу ауданынан «Үздік жас отбасы» номинациясын жеңіп алған көп балалы Жанғабыловтар отбасы да пікір білдірді. Отағасы Әлішер Жанғабылов Көксу аудандық мәдениет үйінің директоры болып жұмыс істейді. Ал оның жұбайы - Мұқыры халық театрының актрисасы, «Үздік келін-2022» байқауының жеңімпазы, қоғам белсендісі, блогер Айнұр Алтынбекова.*

*- Отбасын құрғанымызға 8 жыл. Төрт бала тәрбиелеп отырмыз. Ең үлкен қызымыз бірінші сынып оқиды, ал кіші баламыз 4 айлық. Осы конкурсқа қатысуға өтініш бергенде жеңімпаз боламыз деп ойлаған жоқпыз. Басқа жас отбасыларға үлгі болудың өзі – үлкен мәртебе әрі жауапкершілік. Барлық жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз, өңіріміздің жастары өсіп-өне берсін, - деді А.Жанғабылов.*

*Атап өтсек, биыл жастар сыйлығын алуға 100-ден астам адам үміткер болды. Арнайы құрылған комиссияның шешімімен олардың 12-сі өз саласында үздік деп танылды.*

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**
**Фототілші: Дмитрий Ерофеев**



# «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» – МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

**ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП**

***Заңдылық пен тәртіп кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының негізі болып табылады, мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуі мемлекеттік органдардың да, азаматтық қоғамның да заң нормаларын қатаң сақтауымен ғана мүмкін болады. Бұл құқықтық мемлекетті нығайтуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға және халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға ұмтылысты көрсетеді.***

***«Заң және Тәртіп» қағидаты заңнаманың орындалуына мемлекеттік бақылауды күшейтуге, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға және іс жүзінде әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған.***

***«Заң және Тәртіп» қағидасына басты назар аудару мемлекеттің қауіпсіздік саясатын, оның ішінде құқық қорғау органдарын, құқықтық тәртіпті және оның тетіктерін дамытуды жалғастыратынын білдіреді.***

***Қоғамдық сананың белсенді трансформациясы жағдайында, оның ішінде реформалар мен цифрландырудың әсерінен азаматтардың құқықтарын қорғауға, құқықтық сананы қалыптастыруға және халықтың билікке деген сенім деңгейін арттыруға кепілдік беретін тетіктерді құру маңызды.***

***Осылайша, «Заң және Тәртіп» тұжырымдамасын заң үстемдігі қағидаттарына, мемлекеттік институттардың жауапкершілігін күшейтуге, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қоғамды топтастыруға берілгендік декларациясы ретінде қарастыруға болады.***

***Құқықтық мемлекетте заң қарапайым азамат үшін де, мемлекеттік қызметкерлер үшін де міндетті. Бұл әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін, сонымен бірге оған міндеттер жүктейтін қоғамдық келісімнің негізі. Әрбір азамат салық төлеуден бастап жол қозғалысы ережелеріне дейінгі заңнаманы сақтауы қажет.***

***Бизнес қауымдастық пен жеке сектор көлеңкелі экономиканы болдырмайтын ашық ережелер бойынша жұмыс істеуі керек.***

***«Заң және Тәртіп» принципі барлығына қатысты болуы керек, бірақ оны сақтау тек құқықтық теңдік болған жағдайда ғана мүмкін болады, сот жүйесі – тәуелсіз, полиция – әділ және мемлекеттік органдар – қолжетімді болуы керек.***

***Осылайша, заңдарды сақтау тұрақты және гүлденген қоғамның негізі болып табылады. Әрбір азамат өзіне және қоғамның басқа да мүшелеріне қолайлы жағдай жасау үшін өз жауапкершілігін сезініп, заңдарды сақтауы керек.***

**Асхат Ауелбеков**

# АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МАҢЫЗЫ




***Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, құқықтық мемлекет. Оның басты құндылықтарының бірі – адам және бостандықтары. Осы құқықтарды толыққанды қамтамасыз ету мен қорғауда мемлекеттік тілдің алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабына сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Бұл тіл еліміздегі барлық ресми іс-қағаздар мен заңдық құжаттардың негізгі тілі болып табылады. Азаматтардың өз құқықтарын түсініп, оларды қорғау жолдарын меңгеру үшін құқықтық ақпараттар мен заң нормалары қазақ тілінде толық әрі түсінікті берілуі аса маңызды мәселе.***

Құқықтық сауаттылық қоғам дамуының негізі. Азамат өз құқығын, міндетін, заң алдындағы жауапкершілігін білгенде ғана, ол әділеттік пен заңдылық қағидаларын құрметтейді. Егер құқықтық ақпарат тек басқа тілде (мысалы орыс тілінде) ұсынылса, мемлекеттік тілді меңгерген азаматтар заңды түсінбей қалуы мүмкін. Бұл өз кезегінде құқықтардың бұзылуына немесе оларды қорғай алмауына алып келеді. Сондықтан барлық заң актілері, сот шешімдері, құқық қорғау органдарының түсіндіру жұмыстары қазақ тілінде нақты, түсінікті, қолжетімді болуы тиіс. Мемлекеттік органдар, адвокаттар, нотариустар, полиция қызметкерлері халықпен мемлекеттік тілде жұмыс жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік тілді кеңінен қолдану барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер жасауға негіз болады. Қазақ тілінде сөйлейтін азаматтың өз тілінде арыз жазып, сотта сөйлеуі, қорғаушы жалдауы, нотариустың көмегін алуы – бұл оның конституциялық құқығы. Егер ол құқығы қамтамасыз етілмесе бұл тілдік дискриминация болып саналады. Мемлекеттік тілдің кең қолданылуы – ұлттық тұтастық пен бірліктің кепілі.

Азаматтардың құқықтарын қорғауда мемлекетті тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – әділет пен теңдіктің тірегі. Қазақ тілі – ұлттың рухани өзегі, құқықтық жүйенің негізі. Сондықтан мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін, өз құқығын білетін, заңды қорғай алатын азамат – құқықтық мемлекеттік тірегі болмақ. Еліміздегі әрбір азаматының құқығы өз ана тілінде қорғалуы нағыз тәуелсіздік пен өркениеттіліктің көрсеткіші.

**Гульжазира САДАБАЕВА**
**Ескелді аудандық сотының төрағасы**

# ЖЕТІСУДА ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ САНЫ 900 ОРЫНДЫ ЕКІ ЖАҢА МЕКТЕП ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ



***Биыл Жетісу облысында жаңа оқу жылы басталғанға дейін «Келешек мектебі» жобасымен Алакөл ауданы Достық ауылында 600 орындық орта мектептің, сондай-ақ Панфилов ауданы Лесновка ауылында 300 орындық орта мектептің құрылысы аяқталып, іске қосылады. Сол сияқты Ақсу, Кербұлақ аудандарында тағы екі мектеп жылдың соңына дейін қолданысқа беріледі. Оған қоса тағы 8 білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізілуде, соның 6-уының құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

***Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, қазір білім мекемелерінде жаңа оқу жылына дайындық қызу жүріп жатыр. Соның ішінде жылыту маусымына дайындық жұмыстары да басты назарға алынған. Білім беру мекемелеріне бүгінгі күнге сұйық және қатты отын, сол сияқты пеллет отыны жеткізілуде. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға көңіл бөлініп, жыл соңына дейін 58 мектептің спорт залдары мен асханалары жаңартылады, 70 пән кабинеттері сатып алынады.***

***- Жалпы білім беру қорынан 25 229 әлеуметтік жағдайы төмен отбасының балаларына мектеп формасы мен кеңсе тауарларын алуға***

***1,1 млрд. теңге бөлінді. Бүгінгі күні аталған қаражат ата-аналардың жеке есеп шоттарына толығымен аударылды. 1-4 сынып оқушылары және 5-11 сыныптың әлеуметтік осал отбасы балалары тегін ыстық тамақпен қамтылады. Сол сияқты оқушылар тасымалы мәселесі де назарымызда. Жалпы облыста 87 елді мекеннен 2113 оқушы тасымалданады. Оқушылардың қауіпсіз әрі жайлы тасымалы үшін биыл жергілікті бюджет есебінен қосымша 8 автокөлік сатып алынды, - дейді облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов.***

***Жалпы жаңа 2025-2026 оқу жылында Жетісу облысында оқушылар контингенті 131 мыңнан асады деп күтілуде, оның ішінде 1-сынып оқушылары 13 мыңнан асады. Облыс колледждеріне 4,5 мың студент қабылдау жоспарланған.***

***Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***
***Фотосуреттер облыс әкімінің баспасөз қызметінің мұрағатынан алынды***

# КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ТҰҒЫРЫ

***Әр мемлекеттің тәуелсіздігін, тұрақтылығын, тәртібін және дамуын айқындайтын басты құжат – Конституция. Ол – елдің басты заңнамалық негізі ғана емес, мемлекеттің саяси, әлеуметтік, құқықтық және экономикалық тірегі. Қазақстан Республикасы үшін де Конституция – азаттықтың арқауы, демократиялық даму жолының темірқазығы.***

***Жыл сайын 30 тамызда елімізде Конституция күні аталып өтеді. Бұл – мемлекеттігіміздің нығайғанын, құқықтық жүйеміздің қалыптасқанын білдіретін маңызды мереке.***

***Қазақстан тарихында бірнеше конституциялық құжат болған. Атап айтқанда:***

***-1926 жылы Қазақ АССР-інің алғашқы Конституциясы қабылданды;***

***-1937 және 1978 жылдары кеңестік жүйеге сәйкес жаңа конституциялар бекітілді;***

***-1993 жылы тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды;***

***-Алайда елде саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты ол құжат толық сұранысты қанағаттандырмады.***

***Осыған орай, 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы жаңа Конституция қабылданды.***

***Бұл – нағыз халықтық таңдау, ел еркіндігінің заң жүзіндегі айқындалуы болды.***

***1995 жылғы Ата Заң – еліміздегі демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың негізі. Бұл Конституция Қазақстан халқының бірлігі мен теңдігін, адам құқығы мен бостандығын, заң үстемдігін, билік тармақтарының бөлінісін бекітті.***

***Оның басты ерекшеліктері:***

***- Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы мемлекет;***

***- Халық – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы;***

***- Адам құқықтары – ең жоғарғы құндылық ретінде танылады;***

***- Заң – бәріне бірдей әрі міндетті;***

***- Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ал орыс тілі – ресми тіл ретінде қолданылады;***

***- Жер мен оның қойнауы, табиғи ресурстар – халыққа тиесілі.***

***Конституция – тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі***

***Қазақстанның бүгінгі жетістіктері – осы Ата Заңның арқасы. Соның негізінде елімізде:***

***-Экономикалық реформа жүргізілді;***

***-Мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасты;***

***-Әлеуметтік саясаттың іргетасы қаланды;***

***-Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құрылды;***

***-Ұлттық бірлік пен бейбіт өмір қамтамасыз етілді.***

***Еліміздің Конституциясы халықаралық стандарттарға сай жасалып, адам құқықтары мен еркіндігін барынша қорғауға бағытталған.***

***Уақыт талабына сай, 2022 жылы Конституцияға маңызды толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Бұл референдум арқылы халықтың тікелей қатысуымен жүзеге асты. Бұл өзгерістер:***




***-Президент өкілеттігінің шектелуі,***

***-Парламенттің рөлін күшейту,***

***-Сот жүйесінің тәуелсіздігін арттыру,***

***-Жер мен ресурстардың халыққа тиесілігін нақтылау,***

***-Өлім жазасының толық жойылуы секілді тарихи шешімдермен ерекшеленді.***

***Бұл – Қазақстанның «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясына шынайы бет бұрғанының айғағы.***

***Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан – Конституцияның заңнамалық негізінде дамып келе жатқан мемлекет. Оған дәлел – бейбіт өмір, ұлтаралық келісім, халықаралық бедел, әлеуметтік қолдау, заңның үстемдігі мен адам құқықтарының қорғалуы.***

***Конституция – елдің кемел келешекке деген сенімі, берік тұғыры.***

***Оны құрметтеу – әр азаматтың борышы, ал сақтап, жүзеге асыру – ұлттың жауапкершілігі.***

***Ендеше, 30 тамыз – Конституция күні – тек заң қабылданған күн ғана емес, бұл – елдің тәуелсіздігі мен тұтастығының нышанына айналған тарихи белес.***

***Ата Заңымыз ардақты болсын, мемлекетіміз мәңгі жасасын!***

***А.Сағатұлы***

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ

***Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет, оның басты тіректерінің бірі –мемлекеттік тіл болып табылады. Қазақ тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ел бірлігі мен тұтастығының, ұлттық сана мен рухтың белгісі. Мемлекеттік тілдің қоғам өмірінде алатын орны күннен-күнге артып келе жатыр. Осы орайда, әр азаматтың мемлекеттік тілді білуі мен қолдануы – тек құқық емес, азаматтық жауапкершілік екенін ұғыну маңызды.***

***Қазақ тілі – барша қазақстандықтарға ортақ, бүкіл халықты біріктіретін басты фактор. Елдің ата заңында бекітілген мемлекеттік мәртебе бұл тілге ерекше маңыз береді. Мемлекеттік тілді меңгеру – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл ел азаматтарының парызы. Бұл – елге, халыққа деген құрметтің көрінісі.***

***Мемлекеттік тілдің болашағы әрбір азаматтың белсенді ұстанымына байланысты. Мектепте, жоғары оқу орындарында, қызметтік ортада, күнделікті өмірде қазақ тілін қолданып насихаттау – бұл жеке жауапкершілікті көрсетеді. Өз тілінде сөйлейтін, жазатын, ойлайтын ұрпақ тәрбиелеу – бұл ұлт болашағына қосылған үлес.***

***Мемлекеттік тілді қорғау мен қолдау – бұл тек мемлекеттік немесе белгілі бір құрылымның ғана емес, әр азаматтың азаматтық міндеті. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – елдің болашағына салынған берік негіз. Қазақ тілін меңгеріп, оны күнделікті өмірде қолданысқа енгізу – шынайы патриотизм мен жауапкершіліктің көрінісі.***

**Гульжазира САДАБАЕВА**
**Ескелді аудандық сотының төрағасы**

# ҚОЛМЕН САЛЫНҒАН ӘР ҚАБЫРҒА – АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ТҰРҒЫЗЫЛҒАН ӨМІР



*Құрылыс – кез келген елдің дамуындағы басты салалардың бірі. Қала мен ауылдың келбетін қалыптастыратын да, болашақ ұрпаққа ыңғайлы өмір сыйлайтын да – құрылысшылар. Олардың арасында жоғары білімді инженерлер де, қарапайым жалдамалы жұмысшылар да бар. Бүгін біз Ескелді ауданында жалдамалы құрылысшы болып жұмыс істейтін Нұржан Төлеубековпен сұхбаттасып, оның өмірі мен еңбек жолына үңілдік.*

*— Нұржан, алдымен өзіңіз туралы қысқаша айтып өтсеңіз.*

*— Менің атым Нұржан Төлеубеков, 33 жастамын. Өзім Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында тұрамын. Соңғы 10 жылдан бері аудан көлемінде әртүрлі құрылыс нысандарында жалдамалы жұмысшы болып еңбек етіп келемін. Тұрғын үйлер салудан бастап, мектеп, аурухана, жөндеу жұмыстарына дейін қатысып жүрмін. Арнайы жоғары білімім жоқ, бірақ құрылысқа жастайымнан араласып, тәжірибе арқылы үйреніп келемін.*

*— Жалдамалы құрылысшы болу қиын емес пе?*

*— Әрине, оңай емес. Таңнан тұрып, кешке дейінгі еңбек – бір күннің ішінде бүкіл денең шаршап қалады. Бірақ бұл – менің адал еңбегім, күнделікті нан табатын кәсібім. Мен өз ісіме ұялып қарамаймын, себебі халқымыздың «Еңбек – ер атандырады» деген сөзі бекер айтылмаған.*

*«Қолмен тұрғызылған әр ғимаратта менің ізім бар»*

*— Қандай нысандардың құрылысына қатыстыңыз?*

*— Ескелді ауданында әртүрлі құрылыс жұмыстарына бардым. Қарабұлақтағы мектептің жөндеу жұмыстары, бірнеше балабақшаның сылақ жұмыстары, тұрғын үйлердің шатырын жабу, фундамент құю – бәріне қатыстым. Кейде 3–4 адамдық бригадамен, кейде үлкен топпен жұмыс істейміз. Көп жұмыс – маусымдық. Көктем мен жазда жұмыс көп болады, ал қыста – аздау.*

*— Сол жұмыстардан есте қалған ерекше оқиғалар болды ма?*

*— Иә, бір жылы ауылда бір отбасы өз үйін салуға ақшасы жетпей, бітіре алмай отырды. Сол кезде бір топ жігіт жиналып, ақы алмай, тегін көмектестік. Ағашын орнаттық, қабырғасын қалап бердік. Сол үйдің іші жылынып, адамдар кіргенде біз де қуанып қалдық. Бұл – ақшамен өлшенбейтін жұмыс.*

*«Жалақы тұрақты емес, бірақ ниет таза»*

*— Жалдамалы жұмысшылардың табысы қандай?*

*— Тұрақты жалақы жоқ, әр нысанға байланысты. Кейде күніне 10–12 сағат жұмыс істеп, 10-15 мың теңге табамыз. Кейде апталап жұмыс болмай қалады. Арасында төлемін кешіктіретіндер де болады. Бірақ еңбек еткен адамға Алла береді. Қолыңа шелек пен шпательді алсаң – жұмыс табылады.*

*— Сіз үшін бұл кәсіптің маңыздылығы неде?*

*— Құрылыс – менің отбасымды асырап отырған жалғыз табыс көзі. Адал еңбекпен тапқан ақша – берекелі. Бұл жұмыс маған өмір сүруді, сабырды, жауапкершілікті үйретті. Қолмен салған қабырға – көз алдында тұрады, ол қирап қалмас үшін сапамен жұмыс істеу керек.*

*«Жастарға айтарым – жұмыс таңдамай, еңбек етсін»*

*— Қазіргі жастардың көбісі қара жұмысқа барғысы келмейді. Бұл туралы не ойлайсыз?*

*— Иә, бүгінде көп жастар жеңіл жұмыс іздейді. Бірақ қара жұмыс – қорлық емес. Керісінше, ол – тәрбие мектебі. Құрылыста жүрген әрбір адам бір-біріне сеніп, арқа сүйейді. Қиындық көрген адам ерте есейеді. Мен жастарға айтар едім – еңбек етуден ұялмаңдар! Кәсіп үйрен, қолыңнан бір іс келсін. Ерінбей еңбек етсең, нан да, абырой да келеді.*

*— Болашақта өзіңіз не жоспарлап отырсыз?*

*— Әзірге бригада жинап, кішігірім жеке тапсырыстар алып жүрміз. Болашақта шағын құрылыс компаниясын ашып, өз ісімді дөңгелетсем деймін. Үй салу – менің қолымнан келеді. Енді басқаларға жұмыс беріп, бас-көз болғым келеді.*

*Қоғамда кейде қара жұмыс істейтін жандарға кемсітушілік көзқарас байқалып жатады. Алайда Нұржан бұл пікірмен келіспейді. Оның ойынша, еңбек – ешқашан төмен тұрмайды. Қара жұмыспен де абыройлы өмір сүруге болады.*

*«Кейде адамдар 'құрылысшы ғана болып жүрсің бе?' деп сұрайды. Меніңше, 'ғана' деген сөз артық. Мен – адал еңбектен нан тауып отырған азаматпын. Ешкімге қол жаймаймын, алаяқтық жасамаймын. Осы да – бір абырой емес пе?» – дейді ол.*

*Бүгінде Нұржанның шағын, сенімді бригадасы бар. Бірге жұмыс істейтін 3-4 досымен бірнеше нысанды салып шыққан. Ал болашаққа жоспары – құрылыс саласында жеке кәсіп ашып, өз кәсібін заңдастырып, тұрақты тапсырыстар алып отыру.*

*«Қазірдің өзінде тұрақты клиенттерім бар. Уақыт өте келе құрал-жабдық алып, үлкен нысандарға шығуға ниеттемін. Біреуге жалданып қана қоймай, өзім де жұмыс беруші болғым келеді,» – дейді ол сеніммен.*

*Қарапайым еңбектің қадірі*

*Нұржан Төлеубеков – мыңдаған қарапайым құрылысшылардың бірі. Оның өмірі мен еңбегі – адалдықтың, шыдам мен намыстың үлгісі. Біз көріп жүрген биік үйлер, кең ғимараттар, жылы мектептер – осындай жандардың маңдай тері мен екі қолының күшімен салынған. Ауыр еңбекті арқалап жүрген азаматтарға қоғам тарапынан үлкен құрмет қажет.*

**Азамат Мынбаев**

# АБАЙ МҰРАСЫ-ХАЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ



*Халыққа жол сілтер кемел ой айтқан, заманынан озып парасат мен көркемдік биігіне көтерілген, шығармашылық мұрасы қай уақытта да өміршеңдігін жоғалтпайтын алыптар – ұлт мақтанышы мен тірегі. Тағылымы мол тарих қойнауынан бізге жеткен елеулі құндылық – дара тұлғалар мұрасы. Сондай тұлғаның бірі – Абай Құнанбайұлы.*

*Ақын Абай Құнанбайұлы - қазақ халқы үшін рухани ұстаным, оның даналық биігі – барша әлеуметті, әсіресе жастарды мемлекетшіл істерге баулудың бірден-бір дара жолы, сондай-ақ Қазақстанды әлемге танытудың өнегелі өрісі. Ақын армандаған кемелдікке терең ақыл мен тегеурінді қайрат қана апаратыны ақиқат. Оның мұрасы – ұлт ділінің, ментальдық болмысының айнасы және парасатты поэзиясы мен зерделі қара сөзі мазмұнында ерекше жинақталған. Ол қазақ поэзиясының, халық даналығының барша жақсы тәжірибесін бойына сіңіре отырып, ұлттық поэзияны өнерді қоғамдық ойды байытты, жаңа сапалық биікке алып шықты. Абайдың әдеби мұрасының дүниежүзілік мәні оның өз шығармаларында туған халқының мүддесін, түпкі мақсат-мұратын айқын көрсете отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды жете бағалай білген ұлы ақынға тән суреткерлік дарындылығынан, кемеңгер ойшылдығынан айқын танылады. Ал оның «Қара сөздері» әлем мен адам жанын түсінудегі баға жетпес құндылыққа айналды. Данагөй адам ретінде ол алдымен алдыңғы қатарлы далалық ой өкілдерінің бар даналығын бойына сіңірді, қазақ халқының аңыз-әңгімелерін, әдет-ғұрыптарын жақсы білді. Ал оның орыстың және батыстың классикалық әдебиеті шығармаларымен танысуы оның жадында білімнің артықшылығын түсінуін нығайта түсті. Классикалық мұрасының көркемдік деңгейі, философиялық жүйелілігі, терең реформаторлық тегеурінi соңындағы әр буынға қайраткерлік-күрескерлік күш дарытты, ой салды, адастырмас бағыт нұсқады.*

*Абай Құнанбайұлы орыстың демократиялық мәдениетіне араласа отырып, оның ең жақсы үлгілерін тұңғыш рет өзі өскен ортаға таратты, халықтың қалың көпшілігіне түсінікті де жүректеріне жақын жасай білді, мұның өзі қазақ еңбекшілерінің рухани өсуіне, ой-өрісінің кеңейе түсуіне, сана-сезімінің артуына көмектескені күмәнсіз. Ол өз дәуіріндегі білім-ғылым жаңалықтарына қырағы көзбен қарап, «жаңаның басы» болар адамның қалыптасып-дамуына себепші ғаламдық ойды қозғай білді. Ақынның тұлғалық бейнесі қазіргі адамзат қоғамы танып-білетіндей деңгейде байыптап жазу-ұлт ғылымының асыл мақсұты. Біртуар ақын мұрасы мен мұраты ел бірлігін нығайтып, жаңарған қоғамдық сананың өрелі істеріне темірқазық болары сөзсіз. Басты мақсатымыз-абайтануға қатысты жаңа сипаттағы сан қырлы аспектідегі ғылыми зерттеулер арқылы бүкіл қоғамға, әсіресе жастарға Абай мұрасын жанжақты насихаттау мен танымалдандыру, болашақ жарқын істерге жол салу. Шынында да, «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ақын қағидасымен өмір сүрсек, халқымыз парасатты, мемлекетіміз тұғырлы, келешегіміз жарқын болмақ»!*

*Өрелі де өрісті ұлт болуымыз ақын шығармашылығын жалпылама дәріптеумен ғана емес, оны ел дамуының өзегіне айналдыру арқылы жүзеге асатынын әрбір отандасымыз терең ұғынуы маңызды. Ақын ұлтты сүюдің эталоны, әлемдік даналыққа бой түзеудің өлшемі. Қазақ қоғамының мәңгілік мәселесі, кешегі, бүгінгі, ертеңгі мұраты, қастерлі құндылығы хатталған Абай даналығынан нәр алу, абайтануға қал-қадірімізше үлес қосу- елдік борышымыз, перзенттік парызымыз.*

**Г.Шаймуханбетова,**
**Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің меңгерушісі**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – АДАМЗАТТЫҢ ПАРЫЗЫ




*Қоғамның басты құндылығы – әділеттілік пен заң үстемдігі. Осы ұлы ұғымдарға ең үлкен қауіп төндіретін, мемлекеттің даму қарқынын бәсеңдететін, халықтың билікке деген сенімін әлсірететін факторлардың бірі – сыбайлас жемқорлық. Бұл – тек Қазақстанның емес, күллі адамзаттың алдында тұрған ортақ мәселе. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу – әр адамның азаматтық борышы, ал адамзат баласының ортақ парызы деп толық айтуға негіз бар.*

*Сыбайлас жемқорлықтың мәні мен сипаты*

*Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билік органдарының, лауазымды тұлғалардың өз өкілеттігін жеке басының, не болмаса өзгелердің пайдасы үшін заңсыз, әділетсіз түрде қолдануы. Бұл ұғым көбіне парақорлық, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, тамыр-таныстық арқылы заңды айналып өту секілді әрекеттермен тікелей байланысты.Сыбайлас жемқорлықтың екі жағы бар: пара алушы және пара беруші. Осы екі тараптың өзара келісімі заңды белден басуға, өзгелердің құқықтарының бұзылуына, қоғамдағы теңсіздік пен әділетсіздіктің күшеюіне әкеледі. Бұл – қауіпті үрдіс, өйткені оның зардабы жекелеген адамдармен ғана шектелмей, тұтас ұлттың дамуына кедергі келтіреді.*

*Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға келтіретін зияны*

*Сыбайлас жемқорлықтың салдары тек экономикалық емес, саяси, әлеуметтік және рухани жағынан да ауыр. Ең алдымен:*

*-Экономикалық зиян: Мемлекеттік қаржылар мақсатсыз жұмсалады, инвестициялық тартымдылық төмендейді, шағын және орта бизнестің дамуына тосқауыл қойылады.*

*-Әлеуметтік теңсіздік: Заң алдында барлығы тең болу керек деген қағида бұзылады. Бай мен кедейдің арасы ашылып, қарапайым халықтың әділдікке деген сенімі жоғалады.*

*-Білім мен медицина жүйесіне әсері: Парамен жұмысқа тұру, баға алу, медициналық қызметке қол жеткізу секілді мәселелер қоғамның ең әлсіз топтарын зардапқа ұшыратады.*

*-Мемлекетке деген сенімнің жоғалуы: Бұл – ең қауіпті салдардың бірі. Халық билікке сенбесе, онда қоғамда тұрақсыздық пайда болады.*

*Қазақстандағы күрес және нақты шаралар*

*Қазақстанда да соңғы жылдары сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытында бірқатар маңызды қадамдар жасалып жатыр. Атап айтқанда:*

*-«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі» жұмыс істейді;*

*-Мемлекеттік қызметкерлердің табысы мен мүлкін жария ету міндеттелген;*

*-Электронды үкімет, «Ashyq», E-Qoldau, E-Salyq сияқты цифрлық платформалар енгізіліп, бюрократия азайып, ашықтық артуда;Білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау салаларында парақорлықпен күрес күшейтілді.*

*Будан бөлек, елімізде «Адал Ұрпақ», «Саналы Ұрпақ», «AntikorLive» сияқты жастар қозғалыстары мен ағартушылық жобалар іске асырылуда. Мұның барлығы – жас ұрпақтың бойында адалдық пен әділдік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар.*

*Әр азаматтың рөлі*

*Сыбайлас жемқорлықпен күресте тек мемлекеттік органдар ғана емес, қарапайым халықтың да рөлі зор. Әр азамат өзінен бастауы тиіс:*

*-Пара бермеу және пара сұраған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарлау;*

*-Заң мен әділеттікті құрметтеу;*

*-Балаларды кішкентайынан адал болуға тәрбиелеу;*

*-Қоғамдық бақылау мен белсенділік таныту.*

*Абай атамыз айтқандай:*

*«Адам болам десеңіз – ісің баста адалдықпен!»*

*Бұл – ғасырлар бойы келе жатқан ұлттың ұлағаты.*

*Қоғамның дамуы мен өркендеуі – әділеттілікке, заң үстемдігіне және азаматтардың сеніміне тікелей байланысты. Сыбайлас жемқорлық – осы қасиеттердің барлығын жояды. Сондықтан бұл індетпен күресу – тек мемлекеттің ғана емес, барша халықтың, бүкіл адамзаттың ортақ парызы. Әр адам өз ісіне адал болып, заңды құрметтеп, әділет жолын таңдаса – болашақ таза, мемлекет мықты болады.*

**Дара Дана**

# АБАЙ ДАНА — ДАРА ТҰЛҒА

***Абай Құнанбайұлы — қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы, ұлт руханиятының темірқазығы. Ол — тек өз заманының емес, барлық дәуірдің қажет еткен тұлғасы. Абайдың даналығы, көрегендігі, ағартушылығы мен ой тереңдігі оның шығармаларынан ғана емес, бүкіл өмір жолынан айқын көрінеді.***

Абайдың өмірі мен заманы

Абай 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Семей өңірінде дүниеге келген. Әкесі Құнанбай — ел билігіне араласқан, әділеттілігімен танылған, дінге берік адам болған. Осындай ортада өскен Абай бала кезінен-ақ білімге құштар болып, алғашында ауыл молдасынан, кейін Семейдегі медреседен білім алады. Сонымен қатар, орыс мектебінен де дәріс алып, орыс тілін меңгеріп, орыс әдебиетімен танысады.

Абай өмір сүрген заман — қазақ халқы үшін күрделі кезең болатын. Ресей империясының отарлық саясаты күшейіп, ел ішіндегі рулық тартыстар мен надандық, әділетсіздік көбейе түсті. Міне, осындай күрделі кезеңде Абай ұлтына шамшырақ бола білді. Ол халықты оятуға, өнер-білімге жетелеуге бар күшін жұмсады.

Абайдың шығармашылығы — ұлттың рухани байлығы

Абайдың поэзиясы терең философиялық ойға, шынайы сезімге, биік парасатқа толы. Ол өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде елдің кемшіліктерін сынап, түзелуге шақырды. «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деп Сұлтанмахмұт айтқандай, Абай да халқы үшін жарық жұлдыз болуға ұмтылды.

Абай өлеңдерінде білім мен ғылымның маңыздылығын, адамгершілік пен имандылықтың қажеттілігін насихаттады. Мысалы, оның «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегіз аяқ», «Қараңғы түнде тау қалғып» атты өлеңдері мен әндері халық арасында кең таралған.

Ал оның «Қара сөздері» — қазақ әдебиетіндегі тұңғыш философиялық-эстетикалық еңбектердің бірі. Бұл еңбектерінде Абай адам жанының тереңін, қоғамдағы әділетсіздікті, рухани кемшіліктерді талдай отырып, адамзат баласына ортақ мәселелерді көтерді.

Абай — ағартушы әрі реформатор

Абай тек ақын емес, ол — ағартушы. Ол ел ішіндегі дінді дұрыс түсінбейтін надандарды, жалған молдаларды сынап, шынайы исламның гуманистік мазмұнын алға тартты. Ол білім мен еңбекті басты құндылық деп танып, халқына: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп еңбекқорлықты дәріптеді.

Ол сонымен қатар, орыс және Батыс әдебиетінің озық үлгілерін қазақ даласына жеткізді. Абай Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын қазақшаға аударып, қазақ оқырмандарына Еуропа руханиятын таныстты.

Кеңес заманында Абай көрнекті ақын ретінде дәріптелді, танымал болды. Дегенмен Абайға да, Шоқанға да, Ыбырайға да сыңаржақ көзқарас қалыптасты: Абай – ақын, Шоқан – ғалым, Ыбырай – педагог деумен шектелдік. Біз Шоқанды да, Абайды да, Ыбы¬райды да ағартушы дейміз. «Ағартушы» деген жақсы сөз. Бәрі де халыққа білім таратты. Оқу-білімді насихаттады. Бірақ Шоқан – жай ағартушы емес, ғалым. Ыбырай – жай ағартушы емес, нағыз ұстаз. Абай жай ағартушы емес, ойшыл, философ. Сонымен бірге үшеуі де – ойшыл. Ойшыл болған соң, үшеуінің де философияға қатысы бар.

Бірақ олардың шығармаларының дүниетанымдық, философиялық мағы¬насы бұрын ашылмады, айтылмады. Айтуға да болмады. Абайдың даналығын, ойшылдығын Абайды әлемге танытқан Мұхтар Әуезов білмеді, көрмеді дейсіз бе? Білгенде қандай. Бірақ кеңестік саясаттың салдарынан ол: «... Шын мәнінде алғанда, Абай философ емес ..., оның арнап жазған философиялық... еңбектері... жоқ», деп жазуға мәжбүр болды. Сөз жоқ, бұл ғұлама жазушының өз ойы емес, ресми идеологияның нұсқауына үн қосқаны.

Егер де Абайға, Шоқанға, Ыбырайға қазақ қауы¬мы ойшыл-философтар деп қарайтын болса, онда олар қазақтың көзін ашар еді, қазақты оятар еді. Қазақтар «біз қалайша басқалардан артта қалдық, бала сияқты бейқам өмір сүріп жүрміз» деп ойланар еді. Кеңестік қитұрқы идеология осыдан қауіптенді.

Мен кейде «егер Гегель болмаса, оның өміршең диалектикасы болмаса, Маркс болмас еді деп ойлаймын. Маркс болмаса, Маркстің коммунистік ілімі болмаса, Ленин болмас еді. Ленин болмаса, ол құрған большевиктер партия¬сы болмаса, онда 1917 жылғы Қазан төңкерісі болмас еді. Ресейдің, Ресей құрамындағы елдердің, Қазақ елінің даму жолы басқаша болар еді. Бұлар бүгінгідей дамыған елдерден көп артта қалып қоймас еді деп ойлаймын.

Идеология, идея, философия деген – осындай пәрменді күш. Маркс дұрыс айтқан: «Идея становится материальной силой, когда она овладевает массами», деп.

Сол сияқты қазақтар Абайдың айтқа¬нына еріп, Абай жолымен жүрер болса, кешегідей, бүгінгідей болмас еді, рухы да, намысы да жоғары, ұяты да қалыпты болар еді.

Абайдың жан құмары, жан азығы туралы айтқан сөздері қазақтың рухын оятуға бағытталған.

Жол деген – киелі ұғым. Қытайда адам¬ға дұрыс жолды ұсынатын даосизм деген Лао Цзының ілімі бар. Философия адам жолына, ғылым жолына, тарих жолына ерекше мән береді. Олардың жүріп өткен жолынан тәлім, тағылым іздейді, сабақ алады.

Мұхтар Әуезов қазақты, қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абайды әлемге танытқан шығармасын «Абай жолы» деп дұрыс атаған екен. Бүгін де бізге керегі осы – Абай жолы. Мен елімізге, қазақ халқына, биліктегілерге қазақ философиясына, мәдениетіне үлгі ретінде осы Абай жолын ұсынар едім. Абай жолында, Абай ілімінде біздерге қажет нәрсенің біразы бар: нарық та, демократия да, бәсекелестік те, ғылым-білім де бар. Тек оны игере білу керек. Абайды оқымаған, білмейтін адам болмас. Бірақ қайсысы Абай жолымен жүріп келе жатыр – айту қиын. Қытай озық деп Батыс үлгілерін жай ала салған жоқ. Өз жолымен, Конфуций жолымен жүріп келе жатыр. Қазір көш басындағы елдердің бірі.

Кейінгі кезде біз Абайдың философиясын ғана мойындап қоймай, оның ілімінің дәстүрлі философиямен, әлемдік философиямен үндесіп жатқанын да ауыз толтырып айта бастадық. Және бұл шығарып салма сөз емес, құрғақ декларация емес, барып тұрған шындық.

«Философия» деген сөздің мағынасы – даналық, даналыққа құмарлық дегенді білдіреді.

«Абай туындыларында даналық бар ма?» деген сұрақ қойсақ, есті адамдарға тым ерсілеу болып көрінері анық. Сонда да. Абай Сократты пір тұтады, оны тілге тиек етеді, Сократша ойлап, Сократша әңгімелескісі келеді. Сократша сұхбат құрып, оған 27 қарасөзін арнайды. Не үшін Абай Сократқа ден қойды? Әрине даналығы үшін, білім-ғылымды жоғары бағалағаны үшін, халқына аянбай қызмет еткені үшін, надандықпен күрескені үшін, шәкірттеріне озық тәрбие бергені үшін Абай Сократты жақсы көреді, одан үлгі алады. Абай Сократты хакім, яғни дана деп қадірлейді.

Абай өзінің өмірлік миссиясын да Сократша түсінеді: халқына аянбай қызмет ету, бетке ұстар құндылықтарын атап көрсету, кемшілігін ашық, батыра айтып, халқын түзету. Сол үшін де Абай өз шығармаларында Сократша сынды, мысқылды, кекесінді көбірек пайдаланады. Сыншылдық та философияға тән қасиет.

Батыста осы кезге дейін философия¬ны ғылым деп, гносология, логика, методология деп таниды. Сондай философия болғаны, бар екені рас. Бірақ философияның төл қасиеті, негізгі қыз¬меті – даналықты жүзеге асыру. Сократ үшін, Абай үшін философия – ең алдымен даналық.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген сөзін, жастарға ғана емес, билік басындағы шенеуіктерге, депутаттарға да жолдауымызға болады. Соңғылар мақтанса мақтанғандай, шетінен ғалым¬дар ғой. Ғылымға олар қандай үлес қосты екен – бұл бәрімізге беймәлім. Бірде-бір ғы¬лыми мақала жазбаған депутат, министр қалай және қандай ғалым болады? Тәуелсіздік тұсында елімізде осындай жал¬ған ғалымдар көбейіп кетті. Бір кезде мар¬құм Герольд Бельгер «Парасат» журналында жазып еді: «Тағы бір министр поли¬тология докторы атанды. Қазақстан бас¬тықтарының 80 пайызы ғылыми дәре¬желі. Ғаламдағы ең оқымысты үкімет біздікі», деп.

Біздің ел ғылымға бөлінетін қаражат жағынан (шамамен 200 млн доллар) көп елден артта қалып қойды. Әрине бұл мақтанатын жайт емес.

«Орын» деген философияда жай сөз емес. Оның терең мәні бар және салмағы ауыр: әр нәрсенің дүниедегі орны, адамның дүниедегі орны, олардың біріне-бірі лайық болуы – қай кезде де күрделі мәселе.

Абайдың осы орын деген ұғымға мән беруі – даналық.

Абай атап көрсеткен «бес дұшпан»: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бүгін де біздерге, қазақтарға әл берер емес. Олармен күресу ойымызға да кірмейді.

Абайдың адамға қойған талаптары бүгін де өзекті болып табылады. Адам бүгін де адам болу үшін Абай ұсынған бес асыл істі игеруі керек.

Абай философиясының өзегі болып табылатын «Адам бол!» деген идеясы бар. Адам әзір күйде туа салмайды, адам болып қалыптасады. Адам болу – екі жақты процесс: бір жағынан, бұл қоғамға, отбасына, ата-анаға, солар арқылы қа¬лып¬тасқан жағдайға байланысты; екінші жағынан, адамның өзіне - оның талабына, ынтасына, жігеріне байланысты. Адамды күштеп, зорлап адам қыла алмайсың. Адамды сырттан күштеп, инабатты, мәдениетті қыла алмайсың. Адамды зорлап оқытып, маман қыла алмайсың. Оқу да, ғылым да, өнер де – бәрі де талаппен, ынтамен, жігермен келеді. «Кісіде бар болса талап, отырмас ол бойын балап. Жүрер, әрқайдан ізденер, алар өз сүйгенін қалап», дейді хакім Абай.

Адам еңбек етеді, өседі, жетіледі, бақытты болады. Еңбек – Абай іліміндегі жиі сөз болатын ұғымдардың бірі. Адамға еңбектің қай түрі де жарасады. «Әуелі өнер іздейлік, қолдан келсе, ең болмаса, еңбекпен мал табалық», «Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас, еңбек қылмас, еріншек адам болмас», «Болмасын кекшіл, болсайшы көпшіл, жан аямай кәсіп қыл. Орынсыз ыржаң, болымсыз қылжаң. Бола ма дәулет, нәсіп бұл? Ең¬бек қылсаң ерінбей – тояды қарның тілен¬бей». Даналық деген осы болса керек.

Абайдың сол кездің өзінде-ақ терең ойды алға тарта беруі – таңғаларлық жайт. «Терең ой, терең ғылым іздемейді», «Ынсап, ұят, терең ой, ойлаған жан жоқ, жауып қой»; «Малда да бар жан мен тән, ақыл, сезім болмаса, тіршіліктің несі сән, тереңге бет қоймаса», «Терең ойдың телміріп, соңына ермей», адамның ісі бітер ме? – дейді Абай. Мұндай талап¬қа сол кездің адамдары түгіл бүгінгі заман¬ның адамдары да жауап бере алмас.

Абайды біз өз уақытын басып озған данышпан деп айта аламыз.

Адам болудың, өсіп жетілудің тағы бір шарты – қанағат. Ежелгі грек, үнді, қытай ойшылдары құмарлықты, нәпсіні жеңуге, сөйтіп адамның өзін өзі билеуіне көп мән береді. Адамның ең қиын жауы – оның өзі, дейді үнді даналығы. Қанағат қылу Абай үшін де адамның асыл қасиеті болып табылады. Қанағатшылдық қазіргі нарық заманында да керек-ақ. Қанағат, рақым, ынсап, ұят болса, елімізде жем¬қорлық осылай жайылып кетер ме еді? Бүгін де Абайша айтуға болады: «Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен, құдай¬дың өз бергенін жеп көрем деп?»

Абайдың поэмасындағы Ескендір патшаға қаратып: «Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең, мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең» деуі де – өмір көрген дананың түсінігі.

Абай даналыққа, даналықты жеткі¬зетін сөзге, іске, мінез-құлыққа ерекше мән береді. Абай даналықты танып, баға¬лайды. Абай іліміндегі даналық теориялық топшылау емес, адам болып өмір сүру тәсілі.

Даналықтың түйіні, нақты көрінісі – түсінік. Адамға қатысты нәрселердің бәрін Абай терең түсі¬неді. Абайда адам туралы, «адамның кейбір кездері» туралы, дүние, өмір, ар-ұят, жақсы-жаман қылықтар, махаббат, достық, білім-ғылым туралы таңғажайып түсінік бар. Ондай түсінік оқудың барлық жолдарынан өткен бүгінгі адамдарда жоқ.

Абай сөздеріндегі түсінік өмірден, тарихтан, адамдардың сөзін, ісін, мінез-құлқын, қарым-қаты¬насын көріп-біліп, пайымдап, ой елегінен өткізуден туған.

Абайда толық адам туралы жан-жақты ойлас¬тырылған ілім бар. Адам қалай толық, жетілген тұлға болады? Абайдың жауабы қысқа, қысқа болса да нұсқа: «Ақыл, қайрат, жүректі бір¬дей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», дейді. Тағы бір жерде: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыс¬тық қайрат, жылы жүрек», деп өз ойын нақтылай түседі. Адамның басқа қасиеттері осыдан шығады. «Адамзатқа не керек? Сүймек, сезбек, күйінбек, харекет қылмақ, жүгірмек. Ақылмен ойлап сөйлемек» – деп, Абай ақыл, қайрат, жүректің қалай іске асатынын көрсетеді.

Абайдың даналығын, тереңдігін адам өміріндегі жүректің ерекше рөлін ашып көрсетуінен аңғаруға болады. Бұл арада біз тағы да Абаймен бірге әлемдік филосо¬фия деңгейіне шыға аламыз. Абай¬да даналық деген атына сай келетін на¬ғыз философия бар екендігіне тағы да куә боламыз.

Бір ғажабы – Абай ақылды, қайратты жүрекке бағындырып қояды. Бұлар «өзімбілемдікке», «әлімжеттікке» салынып, көп нәрсені бүлдіруі мүмкін. Адам өмірінде бәрі жүректің әмірімен, қалауымен болады дейді. Құдайды қалай¬тын – жүрек. Адамды адамға қоса¬тын – жүрек. Махаббат та, достық та – жүректің қалауы. «Әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық» – бәрі де жүректен шығады (он жетінші сөз). «Дос¬тық, қастық, бар қызық – жүрек ісі. Ар-ұят¬тың бір ақыл күзетшісі» – деген де Абай.

Абай ақылдың жайын терең түсінеді. Ақылды адам сөзге ден қояды, сөзді ұғады. Ақылсыз адам, керісінше, «сөзге ынтасыз» болып келеді. «Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді...» – дейді. «Өттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса» деп, Абай замандас¬тарын ашық әңгімеге шақырады. Бірақ оны тыңдап, түсінер адам табылмайды. Ал қазір ше? Абайды оқып, түсінер адам табыла ма? Табылар деп үміт артудан басқа амал жоқ сияқты.

Абай ілімі ұшан-теңіз. Бір мақала түгіл, тұтас энциклопедияда Абай ілімін тұтас қамтып шығу мүмкін емес. Біздің жұмысымыз, Мұхтар Әуезов айтқандай, «мұхиттың бір тамшысындай» ой бөліс. Абай — тек өткеннің емес, бүгіннің де, болашақтың да тұлғасы. Оның ойлары, шығармалары, адамға деген жанашыр көзқарасы әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абай — дана тұлға, оның мұрасы — қазақ халқының рухани байлығы. Ұлы ойшылдың артында қалдырған асыл сөзі мен өнегелі жолы әрбір ұрпақ үшін шамшырақ болып қала бермек.

**Ясмина Азаматқызы,**
**Қарабұлақ орта мектебінің**
**8 сынып оқушысы**

# АДАМ ӨМІРІН САҚТАУ – ФЕЛЬДШЕРЛІК МІНДЕТ ҚАНА ЕМЕС, ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІҢ ІСІ!




***Қазіргі таңда елімізде түрлі салаларда жас мамандарға деген сұраныс артып келеді. Мемлекет тарапынан техникалық, педагогикалық, медициналық, ауыл шаруашылығы сынды маңызды бағыттарға ерекше көңіл бөлініп, жастарға кәсіби білім беру жүйесі үнемі жетілдірілуде. Жас мамандар ел экономикасын дамытуда, инновацияны енгізуде, әлеуметтік салаларды нығайтуда үлкен рөл атқарады. Олар жаңа идеялар мен заманауи технологияларды меңгеруге бейім, креативті ойлайтын және жылдам бейімделетін кадрлар. Осындай, білімді, білікті мамандарды шыңдауға ауданымыздағы «Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» Мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысы еңбек мобильді орталығы» Коммуналдық Мемлекеттік мекемесінің «Ескелді ауданының мансап орталығы» филиалының қосып жатқан үлесі зор. Аталмыш орталыққа, жаңадан оқуын бітіріп, маман атанған жас буынға дара жол көрсетіп, мамандығына сәйкес жастар практикасынан өтуге бағыттауда.***

***Келген әр маман, келелі ақпарат алып, өз жолдарын табуда. Орналасқан орнынан тәлімгер тағайындалып, білім-біліктерін шыңдауда. Бұл зайырлы Мемлекетіміздің жас буынға деген қолдауының арқасы деп білеміз. Бүгінгі мақалаға арқау болып отырған кейіпкеріміз жәй ғана жас маман емес, батыр, батыл маман – Дамира Ермекқызы Рахимова. Бүгінгі күннің талабына сай, еліміздің дамуы мен өркендеуі білімді, кәсіби білікті, жауапкершілігі жоғары жас мамандардың қолында. Жас маман – бұл тек жаңа оқу орнын бітіріп, еңбек жолын бастаған адам ғана емес, сонымен қатар өзінің ісіне шынайы берілген, қоғамға пайда әкелуге ниетті, үнемі ізденіс үстіндегі тұлға.***

***Қиын сәтте шынайы батырлық пен адамгершілік айқын көрінеді. Осындай оқиға Жетісу облысында, ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясының жедел жәрдем қызметі барысында орын алды. Жастар тәжірибесінен өтіп жүрген жас фельдшер Рахимова Дамира Ермекқызы мен оның тәлімгері, тәжірибелі аға фельдшер Ерғаж Ғабит Ерғажұлы өз өмірлерін қауіпке тіге отырып, өртке оранған үй ішінен бірнеше адамның өмірін құтқарып қалды. Кезекті шақырту кезінде жедел жәрдем бригадасы үй ішінде өрт шығып жатқанын байқайды.***

***Адам өмірі қыл үстінде тұрғанын бірден аңғарған фельдшерлер жағдайды күтудің орнына, бірден әрекетке көшті. Өздерінің тікелей міндетінен тыс болса да, олар үй ішіне кіріп, өрт арасынан адамдарды қауіпсіз жерге шығарып, алғашқы медициналық көмек көрсетті. Өрт кезінде үрей мен қорқынышқа берілмей, сабырмен және шапшаңдықпен әрекет ету – кез келгеннің қолынан келмейді. Дамира мен Ғабиттің кәсіби дайындығы мен ішкі ерік-жігері бірнеше жанның өмірін сақтап қалуға сеп болды.***

***Жаңа ғана медицина саласына қадам басқан Рахимова Дамира Ермекқызы үшін бұл жағдай өмірлік тәжірибе ғана емес, үлкен адамдық сын еді. Ол тәлімгерінің қолдауымен қиын жағдайда өз қабілетін, кәсібилігін, шынайы жанашырлығын көрсетті. Дамира бұл ерлігімен жас маманның да, әйел затының да қандай батыр бола алатынын дәлелдеді. Тәжірибелі маман Ерғаж Ғабиттің бұл жағдайдағы сабырлылығы мен жылдам шешім қабылдауы – жас маманға үлгі ғана емес, нақты қолдау болды. Ол тек өз ісіне адал емес, шәкіртіне де нағыз тәлімгер бола білді. Бірлескен әрекеттің арқасында оқиға орнына келген өрт сөндірушілер жеткенге дейін бірнеше адам қауіпсіз жерге шығарылып, медициналық көмек көрсетілді. Бұл оқиға – тек қызметтік парыз емес, нағыз адамдық пен азаматтықтың көрінісі. Фельдшерлердің бұл әрекеті – бүгінгі медицина саласындағы жас мамандар мен тәжірибелі мамандардың тығыз ынтымақтастығының нақты мысалы. Олар өмір мен өлімнің арасында тұрған адамдарға үміт, ал қоғамға сенім сыйлады.***

***Жас фельдшер Дамира Рахимова мен оның тәлімгері аға фельдшер Ғабит Ерғажұлы – қарапайым қызметкерлер ғана емес, шын мәніндегі батырлар. Олар адам өмірін сақтау жолында қорқыныш пен қауіпке қарамастан ерлік жасады. Осындай ерлік – тек бір сәттік батылдық емес, бұл жүректегі жауапкершілік пен кәсіби адалдықтың айғағы.***

***Мұндай оқиғалар жастарды рухтандырып, қоғамда ақ халатты абзал жандарға деген құрмет пен сенімді арттыра түседі.***

**Қалқаман Еламан Мақсатұлы,**
**Ескелді аудандық Мансап орталығының директоры**

# ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАС ОТАНДАСТАРЫМЫЗ 16,51 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫН НЫСАНАЛЫ МАҚСАТҚА ПАЙДАЛАНДЫ

*2025 жылғы 1 тамыздағы деректер бойынша 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) 16,51 млн АҚШ долларына 126 468 өтініш орындап, өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударды. Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 10,56 млн АҚШ долларына 78 862 өтініш, білім алу ақысын төлеу үшін 5,95 млн АҚШ долларына 47 606 өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, ақшаның пайдаланылмаған қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қала береді. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (10,32 млн АҚШ долларына 76 954 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 77,82 мың АҚШ долларына 619 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 57,02 мың АҚШ долларына 478 өтініш.*

*Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (5,29 млн АҚШ долларына 41 870 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (475,14 мың АҚШ долларына 4 163 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (151,67 мың АҚШ долларына 1 284 өтініш орындалды).Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.Нысаналы жинақтар төлемін алу үшін алушыға не оның заңды өкіліне БЖЗҚ-мен тиісті келісім жасаған уәкілетті операторға жүгіну қажет. Өтінішті «Отбасы банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның бірінің интернет-ресурсы немесе мобильді қосымшасы арқылы беруге болады. Айта кетейік, 01.08.2025ж. бастап аталған тізім «Банк ЦентрКредит»АҚ жаңа уәкілетті операторымен толықтырылды.*

*Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған, Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында бөлінеді. 2023 жылы барлық НЖ алушыларына 100,52 АҚШ доллары, 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары есептелгенін хабарлаймыз. 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға ағымдағы жылы 3,04 АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялық кіріс есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағы 100,52 АҚШ долларына тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да 232,94 АҚШ доллары жинақталды.*

*Кәмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.*

*kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен, қажетті нұсқаулықтармен танысып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап ала аласыз. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала кәмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q28OM сілтемесі бойынша көруге болады.*

# ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР МӘМС ТӨЛЕМДЕРІ МЕН ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК?

***Жеке кәсіпкерлер үшін МӘМС-ке тұрақты түрде жарна төлеу маңызды. Себебі бұл сапалы медициналық көмек алуға мүмкіндік беретін мәртебені сақтауға септігін тигізеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2025 жылы жарналарды қалай дұрыс әрі ыңғайлы төлеу керектігін түсіндірді.***

***Қанша және қалай төлеу керек?***

***Жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын тұлғалар басқа әлеуметтік аударымдармен бірге тұрақты жарна төлейді. Ол ең төменгі жалақының 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ын құрайды, яғни 2025 жылы – 5 950 теңге. Егер жалдамалы жұмысшылар болса, олар үшін қосымша төлем жасау қажет. Жұмыс беруші тарапынан олардың табысының 3%-ы (бірақ 25 500 теңгеден аспайды) және қызметкерлердің өздерінен 2% (17 000 теңгеге дейін) ұстайды.***

***Егер кәсіпкер жалдамалы жұмыс істесе, ол жарналарды жеке кәсіпкер және қызметкер ретінде де төлеуі тиіс.***

***Кейбір санаттар жарналардан босатылған. Атап айтар болсақ, қызметі тоқтатылған жеке кәсіпкерлер, мүгедектер, зейнеткерлер, көпбалалы аналар және күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттер.***

***Белсенді жеке кәсіпкерлікпен айналысатын декреттегі әйелдер қызметін тоқтатпаған жағдайда жарналарды төлеу керек.***

***Неліктен уақытында төлеу маңызды?***

***Жарналарды ай сайын немесе бірнеше айға алдын ала төлеуге болады. Төлемнің мерзімі кешіктірілсе қарыз бен өсімпұл қосылып, азамат МӘМС жүйесіндегі мәртебесін жоғалтады.***

***«Жарналарды уақытылы және міндетті түрде төлеу — баршаның сапалы медициналық көмек алуына кепілдік береді. Жеке кәсіпкерлер тегін емделу құқығын сақтау үшін осыны естен шығармауы тиіс», — дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми өкілі Забира Оразалиева.***

***Бұдан бөлек жеке кәсіпкер жеке клиникаларда емделсе де, төлем жасаудан бас тартуға болмайды. Себебі МӘМС мемлекеттік және жекеменшік мекемелердегі қызметтерді де қамтиды. Егер жеке кәсіпкер қызметін тоқтатса, ол кәсіпкер ретінде төлеуін тоқтатып, жарналарды өз еркімен немесе жұмыс беруші арқылы төлеп, сақтандыру мәртебесін сақтап қала алады.***

***Төлемдерді (жарналар мен аударымдар) банктер, мобильді қосымшалар және «Қазпошта» АҚ кассалары арқылы 122 және 121 кодтарымен төлеуге болады. Осы ретте ЖСН, толық аты-жөні және сомасын дұрыс көрсеткен абзал.***

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

# ИП И ОСМС-2025: ЧТО ВАЖНО ЗНАТЬ ПРО ВЗНОСЫ И ЛЬГОТЫ

***Индивидуальным предпринимателям важно помнить о регулярной уплате взносов на ОСМС, чтобы сохранить статус, который дает доступ к качественной медицинской помощи. В Фонде социального медицинского страхования разъясняют, как правильно и удобно платить взносы в 2025 году.***

***Сколько и как платить?***

***Индивидуальные предприниматели и лица, занимающиеся частной практикой, наряду с другими социальными отчислениями платят фиксированный взнос — 5% от 1,4-кратного размера МЗП, то есть 5 950 тенге в 2025 году. Если есть наемные работники, нужно платить за них дополнительно: 3% от их дохода (но не больше 25 500 тенге) за счет работодателя и 2% (до 17 000 тенге) — от дохода работников.***

***Если предприниматель одновременно работает по найму, он платит взносы и как ИП, и как работник.***

***Некоторые категории освобождаются от взносов — например, ИП с официально приостановленной деятельностью, инвалиды, пенсионеры, многодетные матери с наградами и очно обучающиеся студенты.***

***Женщины в декрете с активным ИП должны платить взносы, если не оформили приостановку деятельности.***

***Почему важно платить вовремя?***

***Взносы можно платить ежемесячно или сразу за несколько месяцев вперед. Просрочка ведет к задолженности и пени, а также к потере статуса в системе ОСМС «Обязательная уплата взносов — гарантия доступа к качественной медпомощи для всех. Индивидуальные предприниматели должны соблюдать это, чтобы иметь право на бесплатное лечение», — отмечает Забира Оразалиева, официальный представитель Фонда социального медицинского страхования.***

***Отказаться от уплаты нельзя, даже если ИП лечится в частных клиниках — ОСМС покрывает услуги и в госучреждениях, и в частных. Если ИП закрыл деятельность, он перестает платить как предприниматель, но может сохранять страховой статус, уплачивая взносы самостоятельно или через работодателя.***

***Произвести платежи (взносы и отчисления) можно через банки второго уровня, их мобильные приложения и кассы АО «Казпочта» с кодами 122 и 121. Важно указывать правильные данные — ИИН, ФИО и сумму.***

***Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования»***

# ТАНДАУ ӨЗ ЕРКІҢІЗДЕ: ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНАН НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫНАН

***Зейнетақы аннуитеті туралы не білесіз?***

***«БЖЗҚ» АҚ-да (БЖЗҚ, Қор) зейнетақы жинақтары (ЗЖ) бар қазақстандықтар зейнетақы алудың бірнеше тәсілін таңдай алады. Олар: зейнетақыны БЖЗҚ-дан кесте бойынша алу (жинақтар таусылғанға дейін), өмір бойы төлем алу үшін сақтандыру компаниясымен шарт жасасу немесе осы тәсілдерді үйлестіріп қолдану.***

***Әр ай сайын берілетін төлемдерді өмір бойына немесе кепілдендірілген мерзім ішінде тұрақты түрде алып отыру үшін сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалуы қажет.***

***Зейнетақы аннуитеті деген не?***

***Зейнетақы аннуитеті — бұл азамат пен өмірді сақтандыру компаниясы арасындағы шарт, оған сәйкес сақтандыру компаниясы ай сайынғы зейнетақы төлемін өмір бойы немесе келісілген жасқа дейін төлеуге міндеттенеді.***

***Қазіргі таңда Қазақстанның сақтандыру нарығында зейнетақы аннуитетінің мына түрлері қолданылады:***

***-Жедел зейнетақы аннуитеті – шарт жасалғаннан кейін төлемдер бірден басталады.***

***-Кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті – төлемдер шартта көрсетілген белгілі бір уақыттан кейін басталады (осы кезеңде қаражат инвестицияланып, болашақ төлемдер көлемі артады).***

***-Бірлескен (жұбайлар) аннуитет – екі адамның зейнетақы жинақтары біріктіріліп, өмір бойы төлем алу қарастырылады (бірі қайтыс болған жағдайда, екіншісі төлем алуды жалғастырады).***

***Аннуитет шарттары:***

***-тиісті жасқа жету – азаматтың аннуитет шартына отыру жасы аннуитет түрі мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) болуына байланысты:***

***-жедел зейнетақы аннуитетін ер адамдар 55 жастан, әйелдер 53 жастан бастап рәсімдей алады (2028 жылдан бастап әйелдер үшін белгіленген жас мөлшері кезең-кезеңмен өсіп, 2031 жылы 55 жасқа жетеді). Егер азаматтың еңбек қызметі зиянды/қауіпті салада өтіп, кемінде 60 ай бойы МКЗЖ төленген болса, жедел аннуитетті ерлер де, әйелдер де 50 жастан бастап рәсімдей алады (жедел аннуитет бойынша жасалатын төлемдер барлық жағдайларда шарт жасалғаннан кейін бірден беріледі).***

***-кейінге қалдырылған аннуитетті міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) төленген азаматтар 45 жастан бастап жасай алады. Ал зиянды/қауіпті сала өкілдері (МКЗЖ кемінде 60 ай төленген жағдайда) – 40 жастан бастап рәсімдей алады. Кейінге қалдырылған аннуитет төлемдері 55 жастан бастап беріледі.***

***-жинақ сомасының жеткіліктілігі – сақтандыру компаниясынан ең төменгі ай сайынғы төлем мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген төменгі күнкөріс шамасының (ТК) 70%-ынан кем болмауы тиіс. 2025 жылы 32 360 теңге мөлшеріндегі ай сайынғы ең төменгі төлемді алу үшін ер азаматтардың зейнетақы жинағының мөлшері кем дегенде 9,1 млн теңге, ал әйелдердің шотында 11,9 млн теңге болуы шарт.***

***Егер МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен қалыптастырылған жинақ мөлшері аздық етсе, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) қаражатын да қолдануға болады. Тіпті жарналардың барлық түрлері бойынша зейнетақы жинағы да жеткіліксіз болса, жұбайыңызбен немесе жақын туыстарыңызбен (әке-шешеңіз, балаларыңыз, асырап алушыңыз, асыранды ұл-қызыңыз, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер, әпке-қарындастар, ата-әжелер, немерелер ) бірлескен аннуитет рәсімдеуге немесе өз қаражатыңыз есебінен толықтыруға болады.***

***Зейнетақы аннуитетінің негізгі ерекшеліктері:***

***1. Зейнетақыны ресми зейнет жасына жетпей алуға болады.***

***2. Жинақ сомасы толық төленіп қойса да, төлемдер өмір бойы/келісілген кезең соңына дейін жалғасады.***

***3. Жыл сайын төлем мөлшері 7%-ға индексацияланады.***

***4. Сақтандыру төлемдерін алушы зейнетақы аннуитетін сатып алған кезде жинақтардың меншік құқығын сақтандыру компаниясына береді, яғни ол жинағын баламалы қажеттіліктерге пайдалана алмайды. Қайтыс болған жағдайда оның сақтандыру компаниясына берілген жинақтары туыстарына мұрагерлікке берілмейді (ал БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары мұраға беріледі). Бұл ретте зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы төлемдерінің кепілдендірілген кезеңін бекітуге болады. Ол кезде төлемдер алдымен алушыға, ол қайтыс болған жағдайда мұрагерлеріне аударылады.***

***Шарт жасасу тәртібі. Өзгерту/бұзу шарттары***

***Зейнетақы аннуитеті шарты жазбаша жасалады. Зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін МЗЖ салымшысының (салымшыларының) және (немесе) пайдасына МКЗЖ аударылған жеке тұлғаның сақтандыру ұйымына берген өтініші негіз бола алады.***

***Өтініште сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушыны (сақтандырылушыны) сәйкестендіру үшін қажетті деректер қамтылуы қажет. Қажетті құжаттар тізбесі мен тапсыру тәсілдері туралы толық ақпаратты БЖЗҚ сайтындағы «Қызметтер – Зейнетақы аннуитеті» бөлімінен таба аласыз.***

***Зейнетақы аннуитеті шарты жасалған сәттен бастап екі жыл ішінде оны бұзуға немесе өзгертуге болмайды. Осы мерзім өткеннен кейін шартқа өзгерістер енгізу мүмкіндігі берілгенімен, қаражатты БЖЗҚ-дағы шотқа түгелдей қайтаруға рұқсат жоқ: сақтандыру ұйымында өзгерістер енгізілген күні қолданыста болған төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-нан кем болмайтын ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшерін қамтамасыз ете алатын сома қалуы тиіс.***

***Екі жылдан кейін шартты бұзу басқа сақтандыру компаниясымен жаңа аннуитеттік шарт жасалған жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл ретте қаражат жаңа сақтандыру ұйымына аударылады.enpf.kz сайтындағы «Онлайн сервистер – Болжамды зейнетақы калькуляторы» бөлімінде орналастырылған зейнетақы калькуляторының көмегімен сақтандыру компаниясына аудару үшін жеткілікті соманы есептеп, сақтандыру компаниясынан және БЖЗҚ-дан берілетін болжамды төлемдердің мөлшерін салыстыруға болады.***

***ЕСКЕРТУ: Шартқа қол қоймас бұрын оның барлық талаптарын мұқият оқып шығып, салмақты әрі саналы шешім қабылдау маңызды.***

***АНЫҚТАМА: 01.01.2025 жылғы жағдай бойынша 2024 жылы 62 592 салымшы БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымдарына 394,54 млрд теңге сомада зейнетақы жинақтарын аударды.***

***Биылғы жарты жылда 01.07.2025ж. жағдай бойынша 33 543 салымшы сақтандыру ұйымдарына БЖЗҚ-дан 151,78 млрд теңге жіберді.***

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының нeгұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жайкүйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚсыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндіріңіз. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияның және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің http://qamqor.gov.kz сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтардың жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаменттінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Молдаханов Талғат Мұратұлы
ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің өтініштерді
талдау және бақылау
бөлімініңбастығы
әділет кеңесшісі

# В ЗАЩИТУ БИЗНЕСА

*В ходе расширенного заседания Правительства Глава государства объявил о запуске нового инвестиционного цикла. Как отметил Президент, проблемы с реализацией инвестпроектов особенно четко проявляются в регионах. Глава государства поручил обеспечить в стране благоприятный бизнес-климат, что послужит дополнительным стимулом для развития экономики.*

*В этой связи, внедрен «Прокурорский фильтр». Теперь любые запретительные решения госорганов, ограничивающие деятельность инвесторов, акты и решения налоговых органов о назначении проверок в деятельности инвесторов и другие функции подлежат согласованию с прокурорами.Действующим законодательством в сфере государственного контроля и надзора определены единые принципы защиты прав и законных интересов субъектов бизнеса.*

*Наряду с этим введена новая форма проверки на соответствие квалификационным или разрешительным требованиям по выданным разрешениям и направленным уведомлениям.*

*Все новшества регламентированы главой 13 Предпринимательского Кодекса.*

*Необходимо отметить, что весь процесс учета и регистрации проверок оцифрован в информационной системе «Единый реестр субъектов и объектов проверок» (ЕРСОП), которая на стадии регистрации обеспечивает защиту бизнеса от незаконных проверок, а также прозрачность государственного контроля и надзора.*

*По всем интересующим вопросам, в том числе с обращениями о неправомерных действиях со стороны проверяющих госорганов, предприниматели могут обратиться в единый контакт-центр Генеральной прокуратуры (телефон - 115).*

*Также, любой предприниматель, к которому пришли с проверкой, может проверить регистрацию проверки на информационном портале Комитета «www.qamqor.gov.kz».*

А.Ж. ЖАКСЫЛЫКОВ
Старший прокурор Департамента Комитета по правовой
статистикеи специальным учетам Генеральной прокуратуры
РК по области Жетісу

# ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!

С начала года области Жетісу зарегистрировано 51 (61) фактов интернет мошенничеств, в целом в сравнении с прошлым годом отмечается снижение интернет-мошенничество на 16,4 %.

51 фактов интернет мошенничеств в разбивке по регионам: г.Талдыкорган - 26, г.Текели - 3, Аксу – 2, Алаколь – 2, Ескельдинский - 3, Кербулакский – 2, Каратальский - 3, Коксуский – 1, Панфиловский – 6, Сарканский - 3.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдыкорган расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладению ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстраграмм», «

Телеграмм», «Фейсбук» , «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительным органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов.

Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.

2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющимся сотрудниками банка, полиции и т.д.

3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.

4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.

5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.

6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.

7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками8.Чаще проверять движение денег на своих счетах.

А.К.Балабеков
Прокурор отдела ФПИ в уголовной сфере
Департамента Комитета по правовой статистике
и специальным учетам Генеральной
прокуратуры РК по области Жетісу

# БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ

*Аудан тұрғындарының басым бөлігі мал өсірумен айналысады. Қазіргі кезде жеке аулаларда және шаруа қожалықтарда мал басы үнемі өсу үстінде, шетелдерден мал әкелген тұлғаларда бар. Осы орайда мал шаруашылығына орасан зор шығын келтіріп отырған, ауданда жылма-жыл кездесетін жіті және созылмалы түрде өтетін, адам мен жануарға ортақ аурудың бірі – бруцеллез ауруы.*

*Аурудың клиникалық белгілері - малдардың іш тастауы, ол негізінен жүктіліктің екінші жартысында байқалады, буындардың ісінуі, зәр шығару, жыныс және басқа жүйелерінің бұзылуы. Көптеген жағдайларды ешбір клиникалық белгісіз созылмалы түрде де өтуі мүмкін. Жасырын өту кезеңі бірнеше айға созылумен ерекшеленеді. Қоғамдық қауіптілігіне байланысты бруцеллез қауіпті аурулар қатарына енгізілген. Жабайы және үй жануарларының көптеген түрлері сезімтал. Қой, ешкі, мүйізді ірі қара, жылқы, шошқа, ит, құс кеміргіштер, жабайы аңдардың 24 түрі ауыратыны белгілі.*

*Аурудың қоздырғышы – бактерия, суыққа төзімді, ыстыққа төзімсіз болып келеді. Сүтте-35 күн, сиырдың сүтінен жасалған тағамдарда (сары май, құртта, ірімшіктерде) 40-60 күнге дейін, тұздалған етте 1-2 айға, жайылымдылығы ылғал топырықта - 3 ай, көңде - 50 күнге дейін қоздырғышы сақталады.*

*Ауруды таратушы- ауырған, бруцеллез тасымалдаушы мал боып саналады. Ағзадан қоздырғыштары іш тастау немесе төлдеу кезінде, сонымен қатар түсіктен, зәрімен, нәжісімен шығарылады. Іш тастау жағдайы өте қауіпті өйткені бруцелалар іш тастаудың алдында бірнеше күн кейін 14-60 күн ағзадан шығарылып отырылады.*

*Бруцеллез ауруының жұғу жолдары:*

*- басқа жерлерден бруцеллез ауруына тексерілмей келген және жасырын ауырған жануарлардан;*

*- жайылымда қолайлы аймақтағы мал мен қолайсыз аймақтағы малдардың қатынасы арқылы;*

*- жас төлдерге ауырған анасынан жұғады;*

*- малды тұрақты ұстау жағдайына қойған кезде, ауру жанасуарқылы тарауы мүмкін;*

*- зақымдалған тері арқылы; адамның терісінде болатын жырындылар мен жаралар арқылы организмге тарайды, бұл жағдай малдарды күтіп-бағатын адамдарда жиі кездеседі;*

*- алиментарлық жолмен ет, ет өнімдері, сүт, сүт өнімдері арқылы;*

*Табында, отарда осы аурумен ауырған малдарды дер кезінде анықтамаған жағдайда, ауру мал саны артатыны белгілі, таралуына мал қора жайдың ветеринариялық-санитариялық талаптарына сәйкес болмауына да байланысты болуы, іш тастау жағдайының көбеюіне, жем-шөптің аздығы, сапасының нашарлығы, да әсер ететінінін айтқымыз келеді.Аурудың қоздырғышы адам организміне түсетін болса, өте қатерлі себебі адамның ұрпақ әкелмеу мүгедектікке әкеп соғады.*

*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрығына сай, жеке аулалар мен шаруа қожалықтарда, басқадай құрылымдағы мүйізді ірі қара және ұсақ мүйізді малдарының - аналық және 1 жасқа толғандары жылына 2 рет (көктемде және күз мезгілдерінде) қан алу арқылы серологиялық әдіспен бруцеллез ауруына тексеріледі. Қошқарлар, текелер бруцеллезге тексерумен қатар індетті эпидемитке тексеріледі.*

*Шошқа мегежіндері бруцеллез ауруына күдіктенуге негіз болған жағдайларда тексеріледі, ал еркектері жылына бір рет, жылқы бруцеллезге (бурсит) күдіктенуге негіз болатын белгілері анықталған кезде, түйе, марал, бұғы, және шаруашалықтың субъектісінің аумағында отар немесе табын маңайында мекендейтін ересек иттерді жылына 1 рет тексеру қарастырылған.*

*Тексеру қортындысымен оң немесе күмәнді нәтиже көрсеткен мал бастары оқшауланады. Осы орайда, мал иесіне ауру малды оқшаулауға, «Б» таңбасын басуға нұсқама беріледі, оны орындау мал иесінің міндеті болып табылады. Мал иесі қанды тексеру қортындысымен таныстырылады және 15 күнтізбелік күннен кешірмей қайта өңдеу орнына өткізуге тиіс. Ауру малдарды өткізуге аудандық ветеринариялық станциясында арнайы көлік бөлінген. Егер мал иесі тексеру қорытындысымен келіспеген жағдайда, аудандық ветеринариялық зертханада сақтаулы тұрған қан сарысуын қайталап тексерту жөнінде ҚР АШМ ВБжҚК аудандық аумақтық инспекциясы және жергілікті ветеринар мамандарының шешімі негізінде қайталап тексеріледі, тексеру қортындысы беріледі. Осы тексерудің қортындысымен мал иесіне ауру малды қайта өңдеу орнына өткізу жөнінде нұсқама беріледі және 15 күннен аспайтын уақыт ішінде өткізіледі. Ал күмәнді нәтиже көрсеткен жануарлардан қайталап қан сынамасын алу жөнінде №1 нұсқама толтырып, округтің ветеринариялық пункт мамандары күнтүзбелік 15-20 күн ішінде қайталап қан сынамасын алады. Осы уақыт аралығында күдікті мал басқа малдардан оқшауланып жеке ұсталады. Қан сынамасының нәтиже теріс болған жағдайда, оқшауланған малдар қайтадан табынға немесе отарға қосылады, оң немесе күдікті болса қайта өңдеу орнына өткізіледі. Қайта өңдеу орнында сойылған малдардан (титрі жоғары, клиникалық белгілері бар, топтастырылған малдардың ішінен анықталғандардан) ветеринариялық станция мамандары биологиялық материал алып, полимеразды тізбектік реакциясымен табынның (отардың) зақымдалу жағдайын анықтау үшін мемлекеттік зертханаға жіберіледі.Полимеразды тізбектік реакциясының қорытындысымен оң нәтиже алған кезде, аула, шаруа қожалығы немесе басқадай құрылым аумағы аурудан қолайсыз ошақ деп танылады. Аудандық ветеринариялық станция мамандары мал иелерінің қатысуымен эпизоотиялық талдау жасайды, ошақтың аумағын, ошақтағы ауруға бейім малдардың санын, қоражайдың, алаңдардың аумағына анықтау жүргізеді. Белгіленген тәртіппен құжаттар топтамасы аудандық бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторға ұсынылады. Кейіннен шектеу шаралары енгізіліп, тиісті айықтыру жұмыстары жүргізіледі. Мал иелеріне айықтыру аяқталғанға дейін малдарды шығаруға, бөтен жерден мал кіргізуге, сатуға, союға тыйым салынады оған мал иелері тікелей жауапты болады. Сауықтыруға қойылған мал басы өлген немесе басқадай шығын болған жағдайларда жерегілікті жердегі ветеринария мамандарға хабарлап, анықтау жұмысы жүргізіледі тиісті құжаттар толтырылады. Сауықтыруға қойылған мал бастары жергілікті әкімшілік белгілеп берген жерге бағуға, суғаруға, қора жайдың тазалығын қамтамасыз етуге, сонымен қатар айықтырумен айналысатын ветеринар мамандарға тұрақты түрде жәрдем көрсетуге міндетті.*

*Ал қосымша тексеру қортындысымен теріс нәтиже алынған жағдайда күнтүзбелік 15-20 күн аралығында қан алынып, 2 рет теріс нәтижеге қол жеткізгенге дейін, қосымша зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Мемлекеттік ветсан. инспектор берген нұсқама талаптарына міндетті түрде мал тұрған қора жайға, ашық алаңдарға механикалық тазалық жұмыстарын жүргізіп, мал иесі есебінен дезинфекция, дезинсекция, дератизация жұмыстарын атқарады.*

*Бруцеллез ауруының алдын-алу шаралары:*

*- Аула иелері, шаруа қожалығы, басқадай құрылым басшылары тұрақты малдың есебін жүргізу, осы мақсатта бірдейлендіруді қамтамасыз ету;*

*- Диагностикалық іс-шараларды уақытылы жүргізу қан алу жұмысымен ауруға бейім мал басын толық қамту, жеке аула және шаруа қожалығы, басқа құрылымдардағы жануарлардың барлығынан 1 мезетте қан алу;*

*- Көктемгі қан алу уақытымен, күзгі қан алу уақытының аралығын сақтау, яғни 6 айлық мерзімді;*

*- Малдарды басқа жергелерге қосу кезінде алдын-ала қан алынып, тазалығын анықтау және малды қосатын жерлердегі малдардың тазалығына назар аудару, тасымалдауды округтің ветеринариялық пункт меңгерушісі беретін №1 үлгідегі ветеринариялық анықтамамен жеткізу;*

*- Бруцеллезбен ауырған малды, сау малдан дер кезінде бөлек оқшаулап, қайта өңдеу орындарына уақытылы өткізу;*

*- Ауыл шаруашылық жануарлары арасында іш тастау немесе өлі туған төлді көрген мезетте, а/округ ветпункт мамандарына хабарлап отыру;*

*- Ауданға тиесілі емес басқа жақтан (ауданнан, облыстан, шетелден) ауыл шаруашылық жануарларын әкелгендігі жөнінде уақытылы а/округ ветпункт мамандарына хабарлау;*

*-Сырттан келген ауыл шаруашылық жануарларын карантинге қою және тиісті жұмыстарды атқару сол сияқты профилактикалық бақылауға қою;*

*-Мал төлдету науқаны кезеңдерінде ветеринариялық-санитариялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;*

*- Эпизоотиялық тізбені жою мақсатында, жаз айларында малдарды жазғы жайылымға шығару;*

*- Мал тұрған орындар, қоражайларға үнемі механикалық тазарту және дезинфекция, дезинсекция, дератизация жұмыстарын жүргізіп отыру;*

*- Тұрақты түрде ветеринар мамандарға өз қызметтік міндеттерін орындауға жәрдем көрсету;*

*Құрметті аудан тұрғындары!!*

*Адам мен жануарға ортақ бруцеллез ауруымен күрес баршамыздың міндетіміз болып табылады. Қолданыстағы аурумен күрес жөніндегі ереже талаптарын толық орындаған жағдайда, ауру мал санын азайтып, ауданнның эпизоотиялық тұрақтылығын сақтауға мүмкіншілік туады, баршамызға сапалы өнім ұсынылып, мал басының өсуіне қолайлы жағдай қалыптасады. Ендеше баршамыз Ереже талаптарын орындайық.*

**Д.ТЫНЫСБАЕВ**
**ҚР АШМ ВБжҚК**
**Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы**

# ПАРАПЛАН СПОРТ ТҮРІНЕН АШЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ – 2025 БАСТАУ АЛДЫ




*2025 жылдың 8 тамызы күні Жетісу облысының Жетісу ауылында параплан спорт түрінен ашық Қазақстан Республикасының чемпионаты ресми түрде өз жалауын көтерді. Бұл додаға еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелден келген тәжірибелі спортшылар жиналып, әуеде шеберліктерін сынауда.*

*Чемпионаттың басты мақсаты – елімізде әуе спортын дамыту, парапланмен ұшуды насихаттау және халықаралық деңгейдегі жарыстарға дайын спортшылардың қатарын көбейту. Жарыс барысында қатысушылар қашықтыққа ұшу, дәлдікке қону және жылдамдық бағыттары бойынша бақ сынайды.*

*Ұйымдастырушылардың айтуынша, биылғы чемпионатқа қатысушылар саны өткен жылдарға қарағанда артып, географиясы да кеңейген. Бұл Қазақстандағы параплан спортына қызығушылықтың өсіп келе жатқанын көрсетеді.*

*Чемпионат 14 тамызға дейін жалғасады. Осы күндері Жетісу аспаны түрлі түсті парапландармен көмкеріліп, көрермендер үшін ұмытылмас көрініс сыйламақ.*

**Г.ОМАРОВА,**
**Ескелді ауданының спортты дамыту және бұқаралық- спорттық іс шараларды**

# ДОЙБЫ ЖАРЫС



*2025 жылдың 8 тамыз күні Қайнарлы ауылында бұқаралық спортты дамыту және тұрғындарды салауатты өмір салтына баулу мақсатында дойбыдан жарыс ұйымдастырылды. Оған ауыл тұрғындары белсене қатысып, өзара бақтарын сынады.*

*Шахмат – дойбы жарыстары, ең көп тараған түрі айналма жарыс. Мұнда әрбір жарысқа қатысушы өзара бір-бірден кездеседі. Екіншісі - бұл олимпиялық жүйе. Мұнда жеңілген ойыншы жарыстан шығып қалып отырады. Жекелей біріншілікте жарыс швейцариялық жүйемен өтеді. Ш-т жарысында әрбір ойын күні тур деп аталады. Әр ойындағы жүрістер міндетті түрде жазылып отырады және кездесу аяқталғаннан кейін жазба төрешіге тапсырылады. Ш-т ойынында жеңіске - 1, тең ойынға - 0,5, жеңіліске - 0 ұпай беріледі.*

*Тартысты өткен жарыс нәтижесінде:*

*III орын – Есімбек Ансар*

*II орын – Рауанұлы Темірлан*

*I орын – Кенжеғали Асыл иеленді.*

*Жүлделі орынға ие болған спортшылар «Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс- шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы грамотамен марапатталды.*

*Қайнарлы ауылының дене шынықтыру және спорт нұсқаушысы: Н. Икіжан*

**Г.ОМАРОВА,**
**Ескелді ауданының спортты дамыту және бұқаралық- спорттық іс шараларды өткізу бөлімінің басшысы**

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900
Тираж 1900
Тапсырыс 1167
Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка
Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ